кислорода в другие, более токсичные, вещества и находятся в атмосфере в определенном равновесии с ее компонентами [3].

Например: NaCl, приводит к более сложному механизму взаимодействия компонентов окружающей среды. Как известно, в воздушной среде присутствуют также и углеводороды, которые, вступая во взаимодействие с HNO<sub>3</sub>, HCl, H<sub>2</sub>CO<sub>3</sub>, CO<sub>2</sub>, образуют ряд вредных и токсичных соединений, т. е. наблюдается явление синергизма – усиления токсичного действия того или иного первоначального загрязнителя.

Примеры действий, оказываемое основными вредными загрязнителями на человека и животных:

1) Оксид углерода оказывает влияние на процесс переноса кислорода, образуя с гемоглобином карбоксилгемоглобин. Реакция обратима и при уменьшении дозы оксида углерода происходит обратный процесс превращения карбоксилгемоглобина в гемоглобин. Действие оксида углерода на животных заключается в видимых изменениях мозга и центральной нервной системы.

2) Оксиды азота в первую очередь поражают легкие и увеличивают восприимчивость к респираторным инфекциям. Образующиеся в атмосфере нитрозоамины являются канцерогенными соединениями. Общее их воздействие может приводить к хроническим нефритам и кардио-сосудистым заболеваниям;

3) Твердые частицы и пыль относятся к основным респираторным раздражителям. Частицы оксидов металлов являются катализаторами реакций, происходящих между компонентами атмосферы, усиливая или уменьшая их воздействие. Например, частицы, содержащие ванадий, воздействуют на ферментативную систему, уменьшают уровень холестерина в организме и способствуют нарушениям в метаболизме аскорбиновой кислоты. Пыль, состоящая из органических полициклических соединений, никеля, асбеста, кадмия, хрома и т. д., признана канцерогенным агентом [4].

Подводя итоги можно отметить, что химические неорганические вещества являются важными продуктами нашей жизни, но отходы являются актуальной проблемой на сегодняшний день. Поэтому нужно способствовать их уменьшению. Для этого, необходимо:

- внедрение прогрессивных технологий, позволяющих экономить энергию и материалы;
- отдавать предпочтение продукции, отходы которой можно переработать и использовать в новом производстве;

- внедрение на предприятиях безотходных процессов;
- использование нового, передового оборудования [1,5].

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Наркевич И. П. Утилизация и ликвидация отходов в технологии неорганических веществ / И. П. Наркевич, В. В. Печковский. М. : Химия, 1984. – 240 с.

2 Статья Производство серной кислоты – источник загрязнения природной среды, приводящий к экологическим проблемам. О. А. Субботина: [Электронный ресурс]. 2022. URL: <https://greenologia.ru/eko-problemy/proizvodstvo-sernoj-kisloty.html> (Дата обращения: 29.04.2023).

### ХИМИЯ КУРСЫ БОЙЫНША КӨП ДЕНГЕЙЛІ ТАПСЫРМАЛАР ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ

ҚАБАҚБАЕВА Н. А.

магистрант, Абай атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ.

МУКАТАЕВА Ж. С.

х.ғ. к., қауымд. профессор, Абай атындағы  
Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ.

Бұл зерттеу тақырып талдаған кезде оқытушы оқушыларға алған білімдерін теориялық түрде қолдануды және игерген білімдерін көп деңгейлі тапсырмалар арқылы тексеруді үйретеді. Оқушыларға көп деңгейлі тапсырмалар беру арқылы, әр түрлі жұмыстар жүргізіліп, білімдерін көп деңгейлік тапсырмалар арқылы жүзеге асыра алатындығы тексеріледі. Көп деңгейлі тапсырмалар оқушыларды негізінен шығармашылыққа және сабаққа деген белсенділігін арттыруға көмектеседі.

#### Кіріспе

Оқушылардың оқудағы басты мақсаты білім алу және сол алған білім негізінде өздерін дамыту мен оқуға деген икемделіктерін, қабілеттерін шындай білу. Қазіргі уақытта білім алушылардың білім деңгейінің қаншалықты терең екендігін және оны тексерудің әртүрлі оқыту тәсілдері бар.

Оқыту дегеніміз – қайталаулардың немесе тәжірибенің нәтижесінде адамның мінез құлқы мен жүріс-тұрыс ерекшелігінде орын алатын, ұзақ уақытқа созылатын өзгеріс [1]. Оқытудың жаңа

технологиясының бірі – жалпы білім беретін мектептерде әр пәнді көп деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту болып табылады.

Көп деңгейлі оқыту – бұл оқу материалын игерудің әртүрлі деңгейі қабылданатын технология, яғни бір оқу материалының тереңдігі мен күрделілігі А, Б, С деңгейіндегі топтарда әртүрлі, бұл әр оқушыға оқу материалын игеруге мүмкіндік береді. Оқушының іс-әрекетін бағалау критерийі ретінде оның осы материалды игеруге, оны шығармашылықпен қолдануға күш салуы қабылданады. Білім беру стандарттарында белгіленген тақырыптар оқытудың барлық деңгейлері үшін бірдей болып қалады. Бұл ретте оқу бағдарламасын базалық деңгейден төмен деңгейде меңгеруге жол берілмейді [2]. Көп деңгейлік оқытудың ерекшелігі – оқушылардың сабақ барысында бірнеше деңгейде жұмыс жасай алатындығында [3].

Көп деңгейлі оқытудың негізгі міндеттері:

– Белгілі бір сынып оқушыларының жеке-жеке ерекшеліктерін анықтау, типологиялық топтарды бөлу;

– Әр білім алушының оқу-танымдық мүмкіндіктерін дамытуды қамтамасыз ететін көп деңгейлі оқу материалын таңдау және әзірлеу;

– Көп деңгейлі тапсырмаларға талаптар мен бағалау жүйесін анықтау;

– Оқушының жеке басын дамыту үшін оқу процесінде жағдай жасау.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Химия курсына көп деңгейлі білім туралы көбірек айтылады, өйткені кез келген сыныпта материалды тез игеретін және өте қабілетті оқушылар бар. Бұл факт үш деңгейлі күрделіліктегі бақылау жұмыстарында ескеріледі. Оқушылардың өздері қиын тапсырманың бірін немесе басқа деңгейін таңдай алады. Күрделі деңгейдегі тапсырмалар химияға қызығушылық танытатын оқушылардың дамуына ықпал етеді, ал оңай деңгейдегі тапсырмалар үлгерімі төмен оқушылар үшін материалды тереңірек түсінуге деген ұмтылысты тудырады. Егер тапсырма күрделі болып шықса, оқушы жеңілдік деңгейдегі тапсырманы қабылдауы мүмкін.

Көп деңгейлі тапсырмаларды сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолдануға болады, кейде оның жеке элементтерін ғана қосқан жөн. Егер жаңа материал фронтальды түрде берілсе, деңгейлік дифференциацияны жаңа материалды бекіту кезінде, үй тапсырмасын беру және тексеру кезінде, сондай-ақ тексеру жұмыстарын жазу кезінде қолдануға болады [4].

Көп деңгейлі тапсырмалар жүйесіне сүйене отырып, «Бейорганикалық қосылыстар» тарауын аяқтаған соң, жоғары сынып білім алушыларының білім деңгейін анықтау үшін төмендегідей деңгейлік тапсырмаларды пайдалануға болады.

I деңгей: Білу және түсіну.

**KClO<sub>3</sub>** қосылысындағы хлордың тотығу дәрежесі:

+1

+2

+3

+4

+5

Жауабы: E

Фтор атом ядросындағы нейтрондар мен протондар саны:

9n, 10p

10n, 9p

9n, 9p

10n, 11p

9n, 11p

Жауабы: B

Галоген атомдарының сыртқы қабатындағы электрондық конфигурациясының формуласы:

$ns^2np^3$

$ns^2np^5$

$ns^2np^4$

$ns^2np^1$

$ns^2np^2$

Жауабы: B

II деңгей: қолдану және талдау (бір немесе бірнеше жауап нұсқасын таңдауға болады).

Галогендердің тотығу дәрежесі ... өзгереді:

– 1-ден +1-ге дейін

– 1-ден +7-ге дейін

0-ден +5-ге дейін

1-ден +3-ге дейін

– 1-ден +7-ге дейін

Тотығу дәрежесі өзгермейді.

Жауабы: B

Құрамында 34,0 г күміс нитраты бар ерітіндіні натрий хлориді ерітіндісімен араластырады. Реакция нәтижесінде алған күміс хлоридінің массасы мен зат мөлшері:

0,1 моль

0,2 моль

0,3 моль

28,7 г

27 г

26 г

0,025 моль

25 г

Жауабы: C, D

Массасы 508 г йод түзілсе, калий йодидімен әрекеттескенде хлордың (қ.ж) көлемін есептеңдер:

5,6 л

22,4 л

2,24 л

44,8 л

4,48 л

Жауабы: E [5]



III деңгей: Мәнмәтіндік тапсырма:

Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары

Бейорганикалық қосылыстар төрт класқа бөлінеді: оксидтер, негіздер, қышқылдар және тұздар.

Оксидтер деп екі элементтен тұратын, біреуі оттегі болып келетін қосылысты айтады. Оксидтер тұз түзетін және тұз түзбейтін, қышқылдық, негіздік және амфотерлі болып бөлінеді. Барлық оксидтер – бейэлектролиттер.

Қышқылдар деп электролиттік диссоциация кезінде тек сутегі катионын түзетін электролиттерді айтады:







Диссоциация дәрежесіне байланысты қышқылдар күшті және әлсіз болады. Тұз қышқылы, күкірт қышқылы. Азот қышқылы, фторсутегі күшті қышқылдарға жатады. Фосфор және күкіртті қышқылдар орташа күші бар электролиттер. Қалған қышқылдар әлсіз электролиттер болып табылады.

Негіздер электролиттік диссоциация кезінде тек гидроксид анионын түзетін электролиттер.



Суда ерімтал гидроксидтер сілтілер деп аталады. Олар күшті электролиттер. Сілтілер сілтілік металдардан түзіледі. Аммоний гидроксиді –  $\text{NH}_4\text{OH}$  суда өте жақсы ерімтал болғанымен, әдсіз электролитке жатады. Суда ерімейтін гидроксидтерді негіздер дейді. Негіздер әлсіз электролиттер. Сонымен қатар, негіздердің де, қышқылдардың да қасиетін көрсете алатын гидроксидтер бар. Оларды екідайлы деп атайды. Оларға  $\text{Be}(\text{OH})_2$ ,  $\text{Zn}(\text{OH})_2$ ,  $\text{Al}(\text{OH})_3$  және басқалары жатады.

Тұздар диссоциация кезінде металл катионын және қышқыл қалдығы анионын түзетін электролиттер. Тек аммоний тұздары ғана аммоний катионын береді. Тұздар орта, қышқыл және негіз тұз болып бөлінеді.

1. Нәтижесінде қышқыл тұз түзілетін реакция-



2 Суда еріп негіз түзетін оксид



3 Негіздік тұз-



4 Сумен әрекеттескенде сілті түзетін оксид-



5 Қышқылдық оксид



A. 1-D, 2-D, 3-B, 4-C, 5-A

B. 1-E, 2-E, 3-C, 4-D, 5-B

C. 1-C, 2-A, 3-D, 4-E, 5-E

D. 1-A, 2-C, 3-A, 4-A, 5-D

E. 1-B, 2-B, 3-E, 4-B, 5-C

Жауабы: E.

Қорытындылай келе, көп деңгейлі саралаудың негізгі мақсаты – әр оқушының өз мүдделеріне және ең бастысы мүмкіндіктеріне сәйкес өзін-өзі жүзеге асылры үшін жағдай жасау. Бұл технология оқушыларға өз күштерін нақты бағалауға, сондай-ақ олардың жетістіктерін көруге мүмкіндік береді. Нәтижесінде пәнге деген қызығушылық артады, мұғаліммен оқушылар арасында серіктестік орнатылады, сабақтардағы психологиялық шиеленіс төмендейді. Үлгерімі төмен оқушылардың білім сапасы мен белсенділігі артады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. – Алматы: 2019 жыл. – 608 бет.

2 Берсенева Е.В., Шанина Е.А. Обобщающий урок на тему “Суд над химическими соединениями элементов - неметаллов” // 2001 г.

3 Оқытудың жаңа технологиялары // Халық тәлімі арнайы басылым. – № 1. – 2002, 3-7 бет.

4 Зайцев О.С. Методика обучения химии. – 2009 г.

5 А.М.Радецкий. Решебник по химии за 8 класс к дидактическому материалу.

## КУЛЬТИВИРОВАНИЕ МИКРОВОДОРОСЛИ CHLORELLA VULGARIS С ЦЕЛЮ ПОЛУЧЕНИЯ БИОМАССЫ С ПОВЫШЕННЫМ СОДЕРЖАНИЕМ БЕЛКА В ЛАБОРАТОРНЫХ УСЛОВИЯХ

НУРТАЗИНА Ж. Ж.  
докторант, Университет Шакарима, г. Семей  
КАСЫМОВА Ж. С.  
к.б.н., доцент, Университет Шакарима, г. Семей  
ОМАРОВА Қ. Р.  
студент, Университет Шакарима, г. Семей

Получение экологически чистой комбикормовой продукции ведет к необходимости отказа от стимулирующих, гормональных, антибиотических и других фармакологических препаратов. Этим требованиям отвечает природная биологически активная добавка – суспензия микроскопической водоросли хлорелла. Ее действие основано на естественном сочетании природных стимулирующих и биологически активных веществ, выделяемых клетками в суспензию.

Изменяя условия культивирования хлореллы, можно регулировать содержание в ней белков, липидов, углеводов и витаминов. Поэтому хлореллу весьма успешно применяют в качестве пищевой добавки к рациону животных в сельскохозяйственном производстве. Суспензия хлореллы, включаемая в рацион скота и птицы, заменяет дорогостоящие лекарства и витамины, так как содержит природный антибиотик хлореллин, арахидоновую кислоту, а также аминокислоты, витамины, ферменты и другие вещества [1]. Весь состав биологически ценных веществ, синтезируемых клетками водорослей, обеспечивает максимальную безопасность животных, получающих хлореллу. При культивировании микроводоросли важно поддерживать температуру около 26-28°C, освещение, концентрацию углекислого газа, pH≈7-8, оптимальную концентрацию макро- и микроэлементов. Следует отметить, что, изменяя состав питательной среды, можно получить продукт нужного состава с различным соотношением белков и жиров. Например, для увеличения содержания белка используют обогащенную азотом питательную среду. Азотосодержащей среде микроводоросль может накапливать от 40 до 88% сырого протеина и 5% жира, а при недостатке азота и избытке углерода в питательной среде, наоборот, 88% жира и 5% белка [2,3].

В связи с этим была выдвинута гипотеза о том, что при оптимальном соотношении концентрации азотосодержащих веществ в питательной среде стимулирует накоплению белка в биомассе хлореллы. Поэтому цель нашего исследования заключается в изучении влияния содержания азота в питательной среде для получения биомассы с высоким содержанием белка в лабораторных условиях.

Материалы и методы исследования

Материалом исследования послужила коммерческая *Chlorella Vulgaris* (рис.1). Культивирование микроводоросли осуществляется в питательной среде по специально приготовленному рецепту (табл.1). Модифицированная питательная среда включает основные компоненты питательной среды Таммия, однако вместо нитрата калия ( $KNO_3$ ) использовали мочевины ( $(NH_2)_2CO$ ), в связи с тем, что количество азота в нем содержится на 33% больше. Источник азота является одним из наиболее важных компонентов окружающей среды, влияющих на рост и продукцию белка микроводорослями [26]. Показано также, что тип и концентрация источника азота существенно влияет на рост и белковый состав микроводорослей [4,5].

Помимо, макро- и микроэлементов в питательную среду добавляют витамины B1, B12 и биотин. При выращивании микроводорослей достаточно применять два витамина группы B или только биотин (витамин H).




Рисунок 1 – Изображение коммерческой *Chlorella Vulgaris* под сканирующим электронным микроскопом JSM-6390LV

Таблица 1 – Состав питательных сред для культивирования *Chlorella Vulgaris*.

Среды Таммия		Модифицированная среда	
Компоненты питательной среды	Концентрация г/л	Компоненты питательной среды	Концентрация г/л
KNO <sub>3</sub>	5	(NH <sub>2</sub> ) <sub>2</sub> CO	5
MgSO <sub>4</sub> ·7H <sub>2</sub> O	2.5	MgSO <sub>4</sub> ·7H <sub>2</sub> O	2.5
KH <sub>2</sub> PO <sub>4</sub>	1.25	KH <sub>2</sub> PO <sub>4</sub>	1.25
FeSO <sub>4</sub> ·7H <sub>2</sub> O	0.003	FeSO <sub>4</sub> ·7H <sub>2</sub> O	0.003
H <sub>3</sub> BO <sub>3</sub>	2.86	H <sub>3</sub> BO <sub>3</sub>	2.86
MnCl <sub>2</sub> ·4H <sub>2</sub> O	1.81	MnCl <sub>2</sub> ·4H <sub>2</sub> O	1.81
ЭДТА	0.044	ЭДТА	0.044
ZnSO <sub>4</sub> ·7H <sub>2</sub> O	0.222	ZnSO <sub>4</sub> ·7H <sub>2</sub> O	0.222
MoO <sub>3</sub>	0.01764	MoO <sub>3</sub>	0.01764
NH <sub>4</sub> VO <sub>3</sub>	0.0226	NH <sub>4</sub> VO <sub>3</sub>	0.0226
		Витамин Н	0.125 мкг

Культивирование проводили на экспериментальной установке, состоящей из химических стаканов вместимостью 1000 мл, предварительно стерилизованных в автоклаве при температуре 120°C в течение 20 минут (рис.2). Культивирование проводили в условиях искусственного освещения с подсветкой светодиодной лампой Led 24/32/40-12/16/20Вт, предназначенная для выращивания водных растений. Светодиодные лампы являются энергоэффективными и долговечными, суперяркое освещение способствует здоровому и быстрому росту микроводорослей. Перемешивание культуры осуществляли с помощью магнитной мешалки на дне сосуда. Микроводоросли выращивали при температуре (27 ± 1°C) и перемешивании со скоростью 200 об/мин.

Фотобиореактор собранный в лабораторных условиях для выращивания *Chlorella Vulgaris* имеет такие преимущества, как равномерная подача углекислого газа в биореакторы и всестороннее освещение обеспечивающий фотосинтез, где 1-баллон с углекислым газом, 2-регулятор потока углекислого газа, 3-терморегулятор, 4-газоотводная трубка с распылителем, 5-газоотводная трубка, 6-светодиодные лампы, 7-углекислый газ, 8-магнитная мешалка с якорем, 9-биореактор, 10-крышка, 11-емкость для подачи питательной среды.




Рисунок 2 – Экспериментальная установка для культивирования хлореллы

Первоначально в каждый химический стакан помещали 200 мл среды и 5 мл микроводоросли *Chlorella vulgaris*, содержащего 2,5×10<sup>6</sup> клеток в 1 мл. Измерения pH проводились с использованием Pasco pH-sensor PS-2102, полученные значения в среднем равнялись 7-8. Отбор проб для исследования концентрации биомассы и белка микроводорослей в суспензии проводили каждые 3 дня на протяжении 15 дней.

#### Результаты и обсуждения

На основе полученных данных наблюдается, что существенной разницы в количестве накопления биомассы микроводоросли и белка в нем, выращенной на двух средах, нет (табл.1,2). Следовательно, увеличения количества одного только азота недостаточно для увеличения количества белка. Обзор литературы показывает, что в увеличении содержания белка участвуют и другие факторы, такие как электростатическое поле и концентрация марганца.

Таблица 2 – Влияние нитрата калия в среде Таммия на рост клеток *Chlorella vulgaris* и содержание белка

Время культивирования, сут	Количество биомассы, г/л	Содержание белка, %	Скорость роста, сут <sup>-1</sup>
3	1.12	16.3	0.671
6	2.14	31.3	0.914
9	4.18	34.6	1.003
12	5.11	39.4	1.011
15	5.91	33.1	0.901



Таблица 3 – Влияние мочевины в модифицированной среде Таммля на рост клеток *Chlorella vulgaris* и содержание белка

Время культивирования, сут	Количество биомассы, г/л	Содержание белка, %	Скорость роста, сут <sup>-1</sup>
3	1.19	16.7	0.679
6	2.69	32.0	1.007
9	5.02	35.2	1.014
12	5.89	40.3	1.026
15	6.24	31.1	0.872

По результатам эксперимента наблюдается наибольшее содержание биомассы и белка на 6 день культивирования двух питательных средах. Можно заметить, что количество биомассы и белка увеличилось в 1.5 раза на 6 дней по сравнению с другими периодами культивирования.

Таблица 4 – Влияние концентрации мочевины на продуктивность биомассы и белка

[Мочевина], М	Время культивирования, сут	Продуктивность биомассы, мг/л/сут	Продуктивность белка, мг/л/сут
0.001	3	260	63.1
0.003	6	303	115.4
0.006	9	316	119.3
0.009	12	341	126.1
0.012	15	321	124.4
0.015	18	329	123.7

Как показано в таблице 3, при концентрации мочевины 0.009 М конечная продукция биомассы достигала 5.11 г/л после культивирования в течение двенадцати дней. Это представляет собой выход биомассы 341 мг/л/день, что является самым высоким показателем среди всех протестированных концентраций мочевины. При дальнейшем увеличении концентрации мочевины до 0.012 М время культивирования, необходимое для полного потребления мочевины, увеличилось с 9 до 18 дней. Когда концентрация мочевины превышала 0.012 М, удельная скорость роста микроводорослей несколько снижалась, а конечная продукция биомассы увеличивалась до 6.73 г/л при 0.015 М мочевины. Однако выход биомассы, полученный при использовании

мочевины в концентрациях 0.012 и 0.015 М, все же был на 8% ниже, чем при использовании мочевины в концентрации 0.009 М. Поскольку мочевина является источником органического азота, при слишком высокой ее концентрации микроводоросли могут затруднять усвоение мочевины, что отрицательно сказывается на кинетике роста клеток. Таким образом, с учетом всех факторов оптимальная концентрация мочевины (как источника азота) для роста клеток составляет 0.009 М. Повышенные концентрации азота, способствуют не только росту микроводорослей, но и могут оказывать негативное влияние на рост клеток.

#### Выводы

Экспериментальная установка, использованная в данном исследовании, позволяет культивировать *Chlorella vulgaris* для получения биомассы, сравнимом с литературными данными. Цель исследования была достигнута, количество белка увеличилось с добавлением мочевины в питательную среду, а также с увеличением концентрации мочевины продуктивность биомассы и белка тоже увеличивалось.

#### ЛИТЕРАТУРА

- Amin, N., Khalafallah, M., Ali, M.A., Abou-Sdera, S.A., & Matter, I.A. (2013). Effect of some nitrogen sources on growth and lipid of microalgae *Chlorella* sp. for biodiesel production. *The Journal of Applied Sciences Research*, 9, 4845-4855.
- Deniz, İ. (2020). Determination of Growth Conditions for *Chlorella vulgaris*. *Marine Science and Technology Bulletin*, 9 (2), 114-117. <https://doi.org/10.33714/masteb.717126>
- Converti, A., Casazza, A. A., Ortiz, E. Y., Perego, P. & Del Borghi, M. (2009). Effect of temperature and nitrogen concentration on the growth and lipid content of *Nannochloropsis oculata* and *Chlorella vulgaris* for biodiesel production. *Chemical Engineering and Processing: Process Intensification*, 48(6): 1146-1151. <https://doi.org/10.1590/1678-457x.13417>
- Дворецкий Д.С., Пешкова Е., Комплексное использование биомассы микроводоросли *ChlorellaVulgaris*// Actual directions of scientific researches of the XXI century theory and practice. 2014. №2. С. 478-482
- Gopal Prabakaran, Meivelu Moovendhan, Arumugam, A. Evaluation of Chemical Composition and In Vitro Antiinflammatory Effect of Marine Microalgae *Chlorella vulgaris* //Waste Biomass Valorization. 2019. P. 3263-3270

## БЕЙОРГАНИКАЛЫҚ ҚОСЫЛЫСТАРДЫҢ КЛАСТАРЫ ТАҚЫРЫБЫН ДИДАКТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

САБЫР Ж. Ә.  
магистрант, Абай атындағы  
Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.  
МУКАТАЕВА Ж. С.  
х.ғ.к., қауымд. профессор, Абай атындағы  
Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

*Бұл мақала қазіргі таңдағы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында баланың қажеттіліктері, қабілетіне қарай оқыту процесін ұйымдастыруға бағытталады. Сонымен бірге мақалада химияны оқытудағы дидактикалық материалдардың негізгі функцияларына қатысты мәселелер қарастырылып, олардың жіктелуі, орындайтын функциялары мен қойылатын талаптар көрсетілген. Осыған байланысты орта мектеп оқушыларының бір сыныбына (8 сынып) химия сабағының әртүрлі кезеңдерінде дидактикалық материалдарға, атап айтқанда дидактикалық карточкаларға негізделген әдістер қолдану нұсқасы ұсынылды.*

Қазіргі заманғы ғылыми - техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Жас ұрпақты жан - жақты жетілген, ақыл - парасатты, ой – өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу – қоғамның өзекті мәселесі [1]. Бұл әр мұғалімнің шығармашылық ізденіспен оқытуда оқушыларды ынталандыратын, оларды дамытатын дидактикалық материалдар мен әдістерін жетілдіруді қажет етеді. Сол себепті мұғалімдер оқу материалының мазмұнын қызықты етіп, дұрыс ұсына білуі, сонымен бірге, оқыту барысында балалардың қажеттіліктерін, қызығушылықтары мен ұмтылыстарын ескере отыра, оқытудың әдістері мен материалдарын өзгертіп отыру қажет.

Осыған байланысты Д.Дьюй оқыту процесін баланың қажеттіліктері, қызығушылығы қабілетіне қарай құруды ұсынды [2]. Оның тұжырымдауынша оқыту бұл дайын білімдерді айтып беру, жаттау және жаңғырту емес, оқушылардың алған білімдерін іс-әрекетте қолдануы. Оқыту процесі құрылымы: іс-әрекет процесінде қиындықты сезу, мәселені тұжырымдау, қиындықты жеңу, мәнін айту. Мәселені шешу үшін гипотеза ұсынып, оны тексеру, алған білімге сәйкес пікірлер айту және іс-әрекет зерттеушілік ойды

туғызып, ғылыми ізденіске жол ашады. Әрине, мұндай тәсіл ақыл-ойды дамытуға, экологиялық мәселені шеше білуге көмектеседі.

Дегенмен мұндай дидактиканы шектен тыс барлық пәндерге және барлық деңгейге таратумен келісуге болмайды. Оқуда тек оқушылардың қызығушылығына сүйену жүйелілікті жоғалтып, материалдарды кездейсоқ іріктеуге әкеліп, терең талданады. Мұндай оқыту өнімсіз және уақытты көп қажет етеді.

Бірақ оқыту процесінде тиімді әрі жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін, оқушылар үшін белсенді қатысуға мүмкіндік беретін дидактикалық материалдардың және оқытуда қолданылатын әдістердің маңыздылығын атап көрсеткен жөн [3]. Химияны оқытуда дидактикалық материалдар оқыту мен оқу процесінің негізгі құралдары болып табылады және бұл негізгі құралдарсыз химияны оқытуды елестету қиын сияқты. Себебі мұғалімдер үшін бұл идеяларды педагогикалық практикаға енгізу құралы әрі оқушыларға байланысты олардың белсенділігін арттыруға, сабақта іс - әрекетке тарту үшін маңызды рөл атқарады [3,4]. Сондықтан қазіргі уақытта химияны оқытуда дидактикалық материалдар қолдануға негізделген әдістер өзекті болып табылады. Осы мақала орта мектеп оқушыларының ішінде бір сыныбын (8 сынып) ала отырып, дидактикалық карточкаларды қолдану арқылы бейорганикалық қосылыстардың кластары тақырыбын оқытуға бағытталады.

Білім беру процесі оқу-әдістемелік процестер мен материалдар жиынтығынан тұрады. Оқу процесін талдау кезінде ескеру қажет үш маңызды аспект бар. Бұл аспектілер: процеске қатысушылар(оқушылар және мұғалімдер), олардың мақсаттары, дидактикалық немесе нұсқаулық материалдар [5].

Дидактикалық материалдар - бұл субъектілерге оқу процесінде өз мақсаттарына жетуге көмектесетін, сыныпта немесе үйде өздігінен жұмыс істеу мақсатында таратылатын материалдар (мысалы, карталар, кестелер, суреттері, мәтіндері, цифрлары бар карточкалар, реактивтер және т.б.). Екінші жағынан, дидактикалық материалдар мұғалімдердің оқушыларға оқу процесінде қолданатын үлестірмелі материалдар, үй тапсырмалары, бақылау жұмыстары, тест тапсырмалары және дидактикалық ойындары жатады [6].

Дидактикалық материалдардың ішіндегі дидактикалық карточкаларға тоқталсақ, бұл ғылыми ақпараттың, тапсырмалардың, сұрақтардың, сондай-ақ ұйымдастырушылық нұсқаулардың бір бөлігі болып табылатын көрнекілік құралдардың бірі. Онда негізгі

мәліметтер, тапсырмалар және сипаттамалық формадағы көмекші шешімдер болады, олардың көмегімен оқушылар жеке немесе топтарға бөліну арқылы сыныпта берілген тақырыпқа байланысты тапсырмаларды орындайды [7].

Осы бағытта психологтар Т. В. Кудрявцев [8], А. М. Матюшкин [9], М. И. Махмутов [10] т.б. еңбектерінде оқушыларда танымдық қызығушылықты, білімге деген сұранысты қалыптастырудың мәселелері зерттелінді. Зерттеулер бойынша оқу процесінде дидактикалық карточкалар маңызды рөл атқарады:

Оқушылардың қажетті материалды өз бетінше түсінуі мен игеруі және әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

Білім алушылардың өзін-өзі бақылау және түзету, танымдық іс-әрекетін қалыптастыру.

Ойлаудың белгілі бір түрін дамыту: визуалды-бейнелі, теориялық, логикалық.

Демек дидактикалық материалдар тек мұғалім мен оқушы арасындағы ғана емес, сонымен қатар оқушылардың арасындағы да негізгі байланыс болып табылады. Өйткені мұғалім тарапынан ұсынылған дидактикалық материалдар оқушылардың қызығушылығын оятағын, олардың мүмкіндіктері мен уақытты қарастыра отырып, сабақ туралы оқушыларға нақты ақпарат бере алады [11].


Зерттеу әдісі. Зерттеу орта мектеп оқушылары (8 сынып) үшін дидактикалық карточкалардың оқу барысына әсерін зерттейді. Зерттеуге 28 оқушы қатысты. Зерттеу үшін бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары тақырыбы пәндік контекст ретінде таңдалды. Және де оқушылардың қолданылған дидактикалық карточкаларға негізделген әдістерге байланысты ойын білу үшін сауалнама жүргізілді. Сауалнама екі немесе бірнеше таңдаудан тұрады (кесте 1).

Кесте 1 – Сауалнама

№	Сұрақтар
1.	Сыныпта сабақ барысына дидактикалық карточкалар оң әсер етті ме? а) Иә                      в) Жоқ
2.	Мұғалім химия сабағында дидактикалық карточкаларды қолдануы туралы сіздің ойыңыз? а) Қызықты              в) Жақсы              с) Ұнаған жоқ

3.	Тағы да дидактикалық материалдар қолданылғанын қалайсыз ба? Иә                      в) Жоқ                      с) Кейде                      д) Білмеймін
4.	Мұғалім қолданған әдіс пен дидактикалық карточкаларға берер бағаңыз: а) Үздік                      в) Орташа                      с) Төмен

Ең алдымен оқушыларға тақырыпқа байланысты түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың сабақ барысында берілген тақырыпты қаншалықты меңгергендігін білу мақсатында топқа бөліну арқылы дидактикалық карточкалармен кішігірім жарыс ұйымдастырылады. Жарыс ережесі бойынша оқушылар төрт топқа бөлінеді, әр топқа химиялық қосылыстар жазылған карточкалар мен «оксид», т.б. атаулары воронкалар таратылады. Оқушылар міндеті: карточкаларды өз воронкаларына орналастыру (сурет 1).



Сурет 1 – Воронка әдісі


Екінші бөлімінде әр топ өз воронкаларындағы карточкаларды төмендегідей сызбанұсқаларға сәйкестендіру керек (сурет 2).



Сурет 2 – Сәйкестендіру сызбанұсқасы [12]

Үшінші бөлімінде келесі сабақта әр топқа «карта» әдісі арқылы үй тапсырмасы сұралады. Әр топқа карта ойынындағы карточкалар таратылады. Бір жағында анықтама немесе реакция басы, екінші жағында анықтама атауы, реакция жалғасы болуы мүмкін. Әр топ екі карточкаларды сәйкестендіріп, шығуы керек, кім бірінші


және дұрыс аяқтаса, сол сабақты жақсы түсінген әрі жеңімпаз топ атанады (сурет 3).



Сурет 3 – Карта әдісі

Төртінші бөлімінде жалпы топқа сабақты қорытындылау үшін «жарық әдісі» қолданылады (сурет 4). Әдіс барысында оқушыларға карточкалар таратылып беріледі, ол карточкаларға жарық түскенде карточкаға белгілі бір оксидтер, қышқылдар, тұздар, негіздер формулалары шығады. Оқушылардың әрқайсысы өзінде пайда болған бейорганикалық қосылыс атауын жазып мына тапсырмаларға жауап береді:

- Формулаларды оқу, таңдалған қосылыстардың салыстырмалы молекулалық массасын есептеу;
- Заттар кластарын анықтау (оксидтер, негіздер, қышқылдар, тұздар);
- Класс ішіндегі жіктеу (оксид: қышқылдық, негіздік, екідайлы; қышқыл: бір негізді, көп негізді, құрамында оттегі бар, оттегі жоқ; негіздер: суда ерімейтін немесе еритін тұз; орташа, қышқыл, негізгі, қос, күрделі).



Сурет 4 – Жарық әдісі

Зерттеу нәтижесі және талқылау. Пайдаланылған дидактикалық карточкаларға байланысты жүргізілген сауалнама сұрақтарына әр түрлі жауаптар берілді. Оқушылардың 1-сұраққа берген жауаптарынан жиналған нәтижелер сабақ барысына дидактикалық карточкалардың оң әсер еткенін көрсетеді, өйткені олар сұрақтарға жауап беруге және үй тапсырмасын тапсыруды жеңілдетеді деп санайды (кесте 2).

Кесте 2 – Бірінші сұрақ нәтижесі

Оқушылар таңдауы	Оқушылар саны	Проценттік көрсеткіші
«Иә»	18 оқушы	64,3%
«Жоқ»	10 оқушы	35,7%

Қолданылған химия сабағындағы дидактикалық карточкаларға негізделген әдістерге байланысты оқушылар ойы туралы сұрағанда (2-сұрақ), оқушылардың көпшілігі (60%) сабақты қызықты деп жіктеді.




Диаграмма 1 – Екінші сұрақ нәтижесі

Тағы да дидактикалық материалдар қолданылғанын қалайсыз ба? сұрағына басым көпшілігі «иә» деп жауап берді. Оқушылардың пікірінше топқа бөліну арқылы карточкалар арқылы берілген тақырыпқа байланысты мәліметтерді сәйкестендіру арқылы жауап беру, жалғыз жауап беруге қарағанда жеңіл әрі өзге топтардан бірінші болып аяқтау үшін сабаққа тиянақты оқып дайындалып келсе ғана жетістікке жететіндігін білген. Яғни бұл дидактикалық материалдар оқушылар үшін өзіндік мотивация және көңілді процесс бола білді.




Диаграмма 2 – Үшінші сұрақ нәтижесі.

Соңғы сұрақ нәтижелері дидактикалық карточкалардың қолданылуы оқушылар тарапынан үлкен құрметке ие болды, 28 оқушының 15-і дидактикалық материалдар арқылы сабақ барысына қажеттілігін түсініп, үздік бағасын, 8-і орта деңгейлі, 5-і төмен деп өз бағасын берді.



Диаграмма 3 – Төртінші сұрақ нәтижесі.

Бұл мақаланың мақсаты оқушылардың дидактикалық материалдардың, атап айтқанда, дидактикалық карточкалардың сабақты меңгеруге әсерін зерттеу болды. Нәтижелерге сүйенетін болсақ, дидактикалық карточкаларға негізделген әдістер барлық оқушының көңілінен шықпаған. Бірақ жүргізілген зерттеулерден кейін алынған нәтижелердің басым көпшілігі оқушылардың оқыту барысында дидактикалық материалдарға негізделген әдістер оқыту түрін ыңғайлы екенін растайды, өйткені бұл оқушыларға көңілді процесс және де мотивациялық мүмкіндіктер бере алды.

Қорытынды. Қорытындылай келе, Д. Дьюй тұжырымдамасымен келісе отыра, дидактикалық карточкалар оқыту процесін баланың қажеттіліктері, қызығушылығы қабілетіне қарай құруда, түрлі іскерліктерін дамытуға оң септігін тигізді. Яғни дидактикалық

карточкалар мен оған негізделген әдістер арқылы оқыту бұл дайын білімдерді айтып беру, жаттау және жаңғырту емес, оқушылардың алған білімдерін іс-әрекетте қолдануы. Т. В.Кудрявцев, А. М. Матюшкин, М. И. Махмутов т.б. оқушыларда танымдық қызығушылықты, білімге деген сұранысты қалыптастырудың мәселелеріне байланысты зерттеулері бойынша оқу процесінде дидактикалық материалдардың (карточкалар) атқаратын қызметі алуан түрлі. Мысалы, оқушылардың қажетті материалды өз бетінше түсінуі мен игеруі және әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу дағдыларын, танымдық іс-әрекетін қалыптастырады. Сонымен бірге өзін-өзі бақылау және өзін-өзі түзету мен визуалды-бейнелі, теориялық, логикалық ойлау түрлерін де дамытады. Дидактикалық материалдар және түрлі әдістер арқылы оқушылар мұғалім беретін тақырып мазмұнын жай ғана қабылдап қана қоймай оқу процесіне белсене қатысатынын білдіреді. Мұндай заманауи әдістер және материалдар арқылы оқушылар бір – бірімен коммуникация жасайды, критикалық ойлау қабілеті дамиды, пәнге деген қызығушылығы арта түседі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Култаева Ж. А. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын оятып, танымдық белсенділіктерін арттыру. 2019.146
- 2 Дидактиканың негізгі тұжырымдамалары [электрон.ресурс] <https://kitaphana.kz/refkaz/236-pedagogika/3236-didaktika.html>
- 3 Рима Абдуалиева. Дидактикалық материалдарды жасаудың теориялық негізі // Ғылыми конференция/ I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемл. университеті . Талдықорған, 2014.
- 4 Tarouca, M.R.L., M.L.P. Konrath, M.J.S. Carvalho and B.G. Ávila, 2006. Teacher training for production and use of objects of learning. New Technol. Educ., 4: 1-10.
- 5 Carmen Padrón, Juanma Doderó, Paloma Díaz and Ignacio Aedo. The collaborative development of didactic materials. Computer Science Department. Universidad Carlos III de Madrid, Spain. December, 2005.
- 6 Gellert U.. Didactic material confronted with the concept of mathematical literacy. Educ.Stud. Math., 55: 163-179. 2004
- 7 Анастасова Л.П. Дидактический материал и методика его использования на уроках биологии, Москва: Просвещение, 2001. – 82 с.
- 8 Кудрявцев В.Т. Проблемное обучение: истоки, сущность, перспективы. — М.: Знание, 1991.— 80 с.

9 Проблемные ситуации в мышлении и обучении / А. М. Матюшкин. Москва-Берлин: Директ-Медиа, 2014. 274 с.

10 Махмутов М.И. Проблемное обучение. Казань. Издательство «Магариф – Вақыт» 2016 – 423 с

11 Borges G.L.A.. Training teachers of biology, teaching materials and school knowledge. PhD. in Education. University of Campinas, Campinas. 2000

12 Усманова М.Б., Сақариянова Қ.Н., Сахариева Б.Н. Жалпы білім беретін мектептің 8 – сыныбына арналған оқулық/ Химия. – Алматы: Атамұра, 2018. – 224 бет.

### МЕКТЕПТЕРДЕ ХИМИЯНЫ АҚПАРАТТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІК ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

СМАН М. С.

магистрант, Абай атындағы

Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

МУКАТАЕВА Ж. С.

х.ғ.к., қауымд. профессор, Абай атындағы

Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

*Ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану мәселесін шешу тек бағалау арқылы оқу нәтижелерін талдау ғана емес, сонымен қатар оқушылардың қосымшалар арқылы химияны оқытуға деген пікірлерін ескеру болып табылады. Оқытудың дәстүрлі және интерактивті әдістерін ұтымды үйлестіре отырып, химия сабағын оқытуда жоғары нәтижелерге қол жеткізуге болады. Ақпараттық технологиялық қосымшалардың артықшылығы оқытушыларға орны мен уақытына қарамастан сабақ беруге, сыныпта да, одан тыс жерлерде де оқуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл мұғалімге оқушылармен жүйелі түрде қолданылатын мобильді сандық құрылғылардың көмегімен оқушылармен жеке деңгейде қарым-қатынас жасауға мүмкіндік туғызады.*

Кілтті сөздер: Ақпараттық технологиялар, мектеп, мұғалім, химия, оқыту.

Соңғы он жылдықта білім берудің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) өркендеуіне қарамастан, бүкіл әлемде білім беру жүйесінің басым парадигмасы өзгерген жоқ. Фалькао және басқа да ғалымдардың [1] ойынша мұғалімдердің жоспары мен

әдістеріне енгізілген АКТ-ды оқыту пассивті оқушылардың білім алуына негізделген. Ғалымдардың айтқанымен келісуге болады, себебі оқушыларға сабақ жүргізу барысында, барлық оқушылар белсенді бола бермейді. Егер де көптеген бағдарламаларды қолдану арқылы сабақ жүргізетін болсақ, барлық оқушылар белсенді болуға ұмтылады. Оқушылардың сабақ барысында қолданылатын интернет көздері, қолданылатын технологиялық жабдықтары мектеп ішінде орналасады. Бірақ, барлық мектептерде мұндай жабдықтар бірдей қамтылмаған. Уақыт өте келе компьютерлер санының мектеп көлеміне қатынасы оқушылардың оқу үлгеріміне әсер ететін маңызды фактор ретінде анықталды.

Қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды даму кезеңдерінде жалпы білім беретін мектептерде оқу үрдісінің тиімділігі болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығына тікелей байланысты болып табылады. Сол себепті АКТ-ды педагогикалық іс-әрекетте кеңінен қолдана білу, іскерліктерінің жоғары деңгейде қалыптасуы мектеп мұғалімдерінің кәсіби дайындығына қойылатын талаптарға кіреді. Мұғалімдердің тек ғана АКТ-ды қолдануға ғана емес, сонымен қатар осы құралдарды жасап дайындау өзекті мәселе болып табылады. Құралдарды жасау барысында мұғалімнің кәсіби білімі, іскерлігі және мәселелерді формальды сипаттау дағдылар жүйесін қалыптастыруды қажет етеді.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) статистикасына сәйкес, осы ұйымға мүше елдердің 15 жастағы оқушыларының 96%-ында үйінде компьютер, смартфон немесе планшет бар екені анықталған [2]. Жалпы халықтың смартфондар мен планшеттерді қолдануының артуы, білім беру саласында оқыту мен ынталандыруды қолдау мүмкіндіктерін арттырады. Оқушылардың мектептер мен үйлердегі АКТ-ға қол жетімділігі ұлттық инвестициялардың ұлғаюымен және құралдардың бағасының төмендеуімен жақсарды. Мобильді цифрлық құрылғыларды оқытумен біріктіру оқушылардың оқу жетістіктерін, қызығушылығын және мотивациясын жақсартудың ең жақсы тәсілі ретінде, оқушыларды тартуға, әлеуметтік желілерде білім алмасу арқылы оқу үлгерімін арттыруға мүмкіндік беретіні расталды. Алайда Мохс пен Маррокеннің зерттеулерінде [3] технологиялық іс-шараларға қатысудың оқушылардың қызығушылықтары қысқа болатынын көрсеткен, себебі технологиялардың жаналығы күннен-күнге өзеріп отырғандықтан, тез тозады.

Оқушылар интернеттен ақпаратты тез таба алады, бірақ қай дереккөздердің сенімді және пайдалы екенін анықтау оларға қиын. Веймер және Маккомбс білім беру қосымшаларын енгізу мазмұнға, тәрбиешінің рөліне, оқу жауапкершілігіне, оқуды жекелендіруге, бағалау процестері мен мақсаттарына өзгерістер енгізуді талап етеді деп болжайды. Бұл көбінесе оң тұлғааралық қарым-қатынас орнатуды, жеке, әлеуметтік оқу қажеттіліктеріне бейімделетін оқу процесін жеңілдетуге және оқушылардың жауапкершілікті алуға, жеке тапсырмаларды шешуге ынталандыруды білдіреді. И-Чун және басқа да зерттеушілердің [4] зерттеулерінде сабақты жүргізу қадамдарын зерттеген. Біріншіден, мұғалім қысқаша кіріспеден бастайды және сабақтың барысында оқу мазмұнына мотивация береді. Содан кейін оқушыларға сұрақ қойылады және оларға ойлануға бірнеше уақыт беріледі. Сабақ аясында оқумен байланысты шағын жаттығуды орындайды. Орындалу кезеңінде енгізілген тәжірибе оқушылардың білімін қалыптастыру үшін, ақыл-ойын арттыруға көмектесетін оқытудың кілті болады. Осы мысал арқылы оқушы одан әрі талдау мен түсініктеме берген кезде тұжырымдамаға не және қалай қолдануға болатындығы туралы білім ала алады. Соңында, оқушы өзі үшін түсініксіз болатын тұжырымдамасын нақты түсінгісі келгенше бірнеше рет сұрай алады.

Мақаланың мақсаты химияны оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану кезінде оқушылардың пікірлерін зерттеу болатын. Сонымен қатар бұл мақалада химияны үйрену үшін қолдануға болатын 4 саладағы 10 танымал және тегін қолданылатын бағдаламалар қарастырылады.

1 Chemical molecular viewers. Бұл бағдарлама арқылы молекулалық жүйелердің модельдерін пайдаланушылар әртүрлі жағдайларда көреді және басқара алады. Оқушыларға тек ғана суреттен, презентациядан көргенше, анимация түрінде көру салыстырмалы түрде жоғары болып табылады. Сол себепті анимация арқылы көрсету мұғалімдер үшін тартымды нұсқа болып табылады. Мектеп оқушыларына арналған molecular viewers қосымшалары:

Chem Tutor – атомдардың визуалды көріністерін ұсынады, яғни Льюис құрылымдары, энергетикалық және орбиталық диаграммалар [5]. Бұл қосымша арқылы оқушылар атомның құрылыстарымен таныса алады, сонымен қатар, бекіту үшін тапсырма жиынтығымен жұмыс жасап, кері байланыс ала алады.

ACD/Chemsketch – химияны оқытуды қолдау үшін арнайы жасалған, ол әртүрлі химиялық құрылымдарды құруды және өндеуді жеңілдететін көптеген графикалық операцияларды қамтиды. Оқушылар 3D модельдерін көреді, үлкейтеді және кішірейтеді, кадрларды жаза алады және көріністерді басқарудың көптеген тәсілдерін қолдана алады.

Jmol – бұл 3D өлшемдегі химиялық құрылымдарды молекулалық модельдеуге арналған компьютерлік қосымша [6]. Ол молекулаларды әртүрлі тәсілдермен көрсету үшін веб-беттерге біріктірілу мүмкіндігі бар бағдарлама.

2 Химиялық есептеулер мен реакцияларға арналған қосымшалар. Химиялық қосылыстар және олармен байланысты химиялық реакциялардан басқа, оларды теңестіру, жалпы есептеулер, іздеу және онымен байланысты бөлшектер химиктерді қызықтырады. Химия саласындағы күнделікті есептеулерді жеңілдетуге арналған қосымшалар:

Mol Weight – молекулалық қосылыстың салмағын және басқа да негізгі қасиеттерін есептеуге мүмкіндік беретін құрал. Сонымен қатар, кез-келген заттың молекулалық салмағын оның химиялық формуласы бойынша анықтау үшін калькулятор қарастырылған.

Chemical reaction және Reaction 101 – бұл реакцияларды теңестіру функциялары бар химиялық реакция редакторы ретінде қолданылады. Реакцияның жеке компоненттерінің аты, формуласы, құрылымы немесе ұқсастық әдістері бойынша оңай табуға болады. Бұл қосымшалар уақытты қажет ететін есептеулерді оңай есептеуге және қолмен тексеруге кететін уақытты үнемдейді.

3 Виртуалды химия зертханасының қосымшалары. Дәстүрлі зертханалық жұмыста студенттер әдетте деректерді жинауға көп уақыт жұмсайды. Тек қарапайым тәжірибелерді талдауда, реактивтер жетіспеушілігінен оқушылар сабақты дұрыс түсінбей қалуы мүмкін. Осындай мәселердің нәтижесінде виртуалды зертханалар ең тиімді тәсіл болып табылады және оқушылар жоғары сапалы зертханаларды лезде іске қоса алады. Деректерді жинауға және өндеуге оқушылар уақытты үнемдейді және нақты зертханада жиі өзгермейтін жүйенің конфигурациясын өзгерте алады. Виртуалды зертхананың басты артықшылығы қауіпті жабдықтар мен реагенттермен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Орта мектептерге арналған виртуалды зертхананың қосымша түрлері:

Chem Collective – бірнеше виртуалды химия эксперттерін ұсынады және арнайы бағдарлама негізделген оқу әрекеттері, оқулықтар және құралдарды қамтиды.

Chem Lab – бұл өзіңіздің виртуалды зертханалық тәжірибенізді жасау үшін қажет химиялық зертхананың интерактивті модельдеуі [7]. Деректер базасында химиялық заттардың және жиі қолданылатын зертханалық жабдықтардың үлкен таңдауы бар.

4. Ойынға негізделген оқыту қосымшалары. Ойынға негізделген оқытуда оқушылар өз білімін түсінуге, есте сақтауына, қорытындылауына оң әсер етуі мүмкін. Садықов пен басқа ғалымдар [8] өз зерттеулерінде оқушылар ақпараттық технологияларды қолданып жасалған тапсырмалармен жұмыс істегенді ұнататынын және олардың тақырыпқа деген көзқарасына оң әсер ететінін айтты. Сонымен қатар, белгілегіштер, рейтингтер және марапаттар сияқты мүмкіндіктерді пайдалануды қамтиды және бұл деректер кері байланыс жасауға мүмкіндік береді. Ойынға негізделген қосымшалар:

Learningapps.org – бұл мұғалімге жеке интерактивті тапсырмалар мен жаттығулар жасауға мүмкіндік беретін ойын қосымшасы [9]. Бұл бағдарламалар оқушыларға мобильді құрылғыларды оқыту үшін пайдалануға мүмкіндік береді, ал оқытушы сәйкесінше оқушылардың нәтижелерін өз құрылғысында көре алады.

Kahoot – сыныптарда қолданылатын ойын жаттығулары мен платформасы [10]. Оны кез келген тақырыпта, әртүрлі жаста және ұялы телефонмен немесе интернетпен жабдықталған құрылғыда қолдануға болады, ал ойыншыларға ойынды ойнау үшін тіркелудің қажеті жоқ.

Қорытындылай келе, химия сабағында ақпараттық технологиялық бағдарламаларды қолдану мұғалімге ғана емес, мектеп оқушыларына химия пәнін әлдеқайда терең және қызықты тануға мүмкіндік береді. Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды енгізу білім алушылардың пәндік мазмұнды тереңірек және саналы түрде түсінуіне, сондай-ақ өзіндік және стандартты емес мәселелерді игеруге ықпал ететіндігін көрсетеді. Сабақтар әлеуетті мүмкіндіктерді дамытуға және зияткерлік мүмкіндіктерді ашуға жол ашады. Мұндай сапаға қол жеткізу үшін интерактивті білім беру технологияларын, интерактивті оқытуға көшуді қолдану қажет, бұл оқушылардың танымдық қызметін тек химия сабақтарында ғана емес сонымен қатар мектептегі басқа пәндерде де белсенділігін арттырады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Falcao T.P., Mendes F., de Andrade P., de Moraes D.C., da Silva Oliveira L. (2018). Participatory methodologies to promote student engagement in the development of education digital games. *Computers & Education*, 116, 161-175. <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2017.09.006>

2 ЭЫДҰ. Статистика (2020). Оқушы мен мұғалімнің арақатынасы және сыныптың орташа мөлшері. Алынған: <https://stats.oecd.org/Index.aspx>

3 Құрманәлиев М.Қ. Химияны оқытудың қазіргі технологиялары. - Алматы, 2021. 246-248 б.

4 I-Chun, H., Kinshuk, Nian-Shing, C. (2018). Embodied interactive video lectures for improving learning comprehension and retention. *Computers & Education*, 117, 116–131. <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2017.10.005>

5 Karch, M. (2016). What are apps? Definitions and examples. *Lifewire*. Retrieved from <https://www.lifewire>

6 Хан С. (2011). Компьютерлік модельдеу арқылы жаратылыстану ғылымдарын оқытудың жаңа әдістері. Ғылыми білім және технологиялар журналы, 20 (3), 215-232. <https://doi.org/10.1007/s10956-010-9247-2>

7 Pierri, E., Karatrantou, A., & Panagiotakopoulos, C. (2008). Exploring the phenomenon of “change of phase” of pure substances using the microcomputer based laboratory (MBL) system. *Chemistry Education Research and Practice*, 9, 234–239. <https://doi.org/10.1039/b812412b>

8 Sadykov T., & Ctrnactova., H. (2019). ICT-supported Interactive Tasks in Chemistry teaching at the ISCED 2 Level as a Method of Active Teaching. In Rusek M., Vonjir K., *Project-Based Education and Other Activating Strategies in Science Education XVI (PBE 2018)*.

9 Chem Collective (2019). Алынған: [http://chemcollective.org/about\\_us/introduction](http://chemcollective.org/about_us/introduction)

10 Chemlab Моделі (2013).



**3 секция. Қоршаған ортаны қорғау  
және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану**  
**3 секция. Охрана окружающей среды и рациональное  
использование природных ресурсов**

**АҚТӨБЕ ӨңІРІНДЕГІ «ARTEMISIA ABSINTHIUM»  
ӨСІМДІГІНІҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫН  
САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ**

АМАНҚҰП Д. Ж., ЖАРМАНОВА Б. М., ҚОНАҚБАЙҚЫЗЫ Н.  
студенттер, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.  
ДОСАНОВА Б. Б.  
ғылыми жетекші, п.ғ.к., доцент, Қ. Жұбанов атындағы  
Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Қазақстандық медицина дамуының қазіргі кезеңінде шөптік препараттарды қолдану мәселесіне көп көңіл бөлінуде, бұл отандық шөптік препараттардың спектрін кеңейту тенденциясының дәлелі. Фармакологиялық тиімділігі жеткілікті дәрілік өсімдік материалдарының ұйымшылдығы мен аллергиялық аз екені белгілі. Осыған байланысты шикізаттың жаңа көздерін іздестіру, өндіріс технологиясын жетілдіру, сондай-ақ пайдалануға рұқсат етілген дәрілік өсімдіктерді кешенді пайдалану отандық дәріхананың кезек күттірмейтін міндеті болып табылады. Фармацевтикалық өндіріс мұқтажы үшін дәрілік өсімдіктерді оңтайлы қолдану керек. Дәрілік өсімдіктердің құрамында биологиялық белсенді заттардың болуы олардың фармакологиялық әсерін анықтайды. Сондықтан қазіргі уақытта өсімдік шикізатынан биологиялық белсенді заттарды бөлу теориялық және тәжірибелік тұрғыдан өзекті жағдайлардың бірі болып табылады.

Тірек сөздер: дәрілік өсімдік, ащы жусан, биологиялық белсенді заттар, кумариндер, хроматограмма.

Қазақстан флорасы өсімдік текті дәрілерді жасауда ауқымды шикізат қорына бай. Әсіресе, еліміздің батысына қарасты Ақтөбе өңіріндегі әртүрлі зоналық аймақтар өсімдік кешенінің алуантүрлілігін дәлелдейді. Батыс өңірінің флорасында гүлді өсімдіктердің мың үш жүзге жуық түрі бар. Оның ішінде жоғарғы сатылы өсімдіктердің сегіз тұқымдасының екі жүз туысына жататын алты жүз сексен түрі Ақтөбе облысында тіркелген. Астралылар (Asteraceae) немесе күрделігүлділер тұқымдасына жататын жусан

(*Artemisia*) туысты өсімдік өкілдері түр санынан алдыңғы қатарда және үлкен биологиялық белсенділікке ие.

*Artemisia absinthium* (ащы жусан) құрамында болатын биологиялық белсенді заттар бактерияларға қарсы әсер етіп, сонымен қатар қатерлі ісік ауруларының алдын алуға септігін тигізеді, әсіресе флавоноидты, иридоидты қосылыстардың алар орны ерекше.

Ресми және халықтық медицинада қолданылатын дәрілік өсімдіктердің ішінде *Artemisia absinthium* ( ащы жусан тұқымдас) өсімдіктер маңызды орын алады. Әдебиет деректеріне аналитикалық шолу Қазақстан Республикасының ғылыми медицинасында жусан шөбі асқазан сөлінің өндірісін арттыруға және тәбетті күшейтуге көмектесетін холеретикалық агент ретінде қолданылатын тұнбаны дайындау үшін пайдаланылатынын көрсетті. Осыған байланысты, қолдануға рұқсат етілген дәрілік өсімдік материалдарының өнеркәсіптік өңдеу қалдықтарын ресурстық үнемдеу мүмкіндігіне ерекше назар аударылады, бұл қолданыстағы және жаңадан әзірленген дәрілік препараттарды өндірудің технологиялық схемаларын жетілдіруді талап етеді.

Сондықтан тұнбаны алғаннан кейін жусан шөбі мен жусан күнжарасының химиялық құрамы мен фармакологиялық белсенділігін салыстырмалы түрде зерттеу кезек күттірмейтін мәселе болып табылады.


Химиялық құрамы

Полисахаридные биополимеры - это полимеры, которые состоят из моносахаридных мономеров. Они могут быть получены из растительных и микробных источников, таких как целлюлоза, крахмал, хитин и другие.

Нуклеиновые биополимеры - это полимеры, которые состоят из нуклеотидных мономеров. Они могут быть получены из животных и микробных источников, таких как ДНК, РНК и другие.

Полифенольные биополимеры - это полимеры, которые состоят из фенольных мономеров. Они могут быть получены из растительных источников, таких как линзы, сои, бобов, кофе, чая и других.

Биополимеры обладают уникальными свойствами, которые отличают их от синтетических полимеров. Они более экологичны, биоразлагаемы и безопасны для окружающей среды. Они также обладают высокой степенью биосовместимости и биоактивности, что делает их полезными для многих медицинских и биотехнологических приложений.

Биополимеры используются во многих отраслях промышленности, таких как пищевая, медицинская, текстильная, упаковочная и другие. Некоторые примеры их применения включают:

- биопластмассы, которые производятся из растительных и микробных источников, используются для создания упаковки, одежды, медицинских изделий и других товаров. Они более экологичны и биоразлагаемы, что снижает негативное воздействие на окружающую среду.

- медицинские импланты: биополимеры используются для создания имплантов, таких как костные материалы и материалы для реконструкции тканей. Они обладают высокой биосовместимостью и биоактивностью, что позволяет им интегрироваться в ткани и ускорить процесс заживления.

- косметические продукты: биополимеры используются в косметических продуктах для улучшения текстуры, структуры и свойств продукта. Например, гиалуроновая кислота, которая является натуральным полисахаридным биополимером, используется в косметических продуктах для увлажнения кожи.

- пищевые добавки: некоторые биополимеры, такие как агар-агар и каррагинан, используются в качестве загустителей, стабилизаторов и эмульгаторов в пищевых продуктах.

- биодegradуемые материалы: биополимеры используются для создания биодegradуемых материалов, которые могут быть переработаны в более экологически чистые продукты. Например, биопластик, который производится из крахмала, является биоразлагаемым и может быть переработан в качестве удобрения.

Биополимеры – это новое поколение материалов, которые становятся все более популярными в мире. Они обладают уникальными свойствами и широким спектром применения, что делает их важными для многих отраслей промышленности. Биополимеры также имеют потенциал для снижения негативного воздействия на окружающую среду и улучшения качества жизни людей.

На данный момент применение биополимеров становится все более популярным в различных отраслях промышленности, в том числе в упаковке, медицине, косметике и пищевой промышленности. Существует растущий спрос на биополимеры, так как они более экологически чистые и биоразлагаемые по сравнению с традиционными полимерами на нефтяной основе.

В целом, ситуация по применению биополимеров находится в стадии активного развития, и ожидается, что их применение будет только расти в будущем, по мере того как компании продолжат искать более экологически чистые и устойчивые альтернативы традиционным полимерам. «Традиционная» химическая технология чтобы сделать природные полимеры пригодными для переработки в изделия, использует различные источники. Из целлюлозы (полисахарид) можно получить вискозное волокно (искусственный шелк), целлофан и триацетатную пленку или этролы (из них и сейчас еще делают расчески и оправы для очков). Но при производстве одной тонны вискозы загрязняется до 100 тонн чистой воды. Именно поэтому появились синтетические полимеры: полиэтилен, полипропилен, полистирол, поливинилхлорид, полиэфир, полиамиды и многие другие. Но и они не намного лучше с экологической точки зрения. Кроме того, в настоящее время более 90% всех полимерных материалов производится на основе невозобновляемых сырьевых источников.

Однако если отказаться от полимерных материалов, человечество провалится в XVIII век. Нужны новые «зеленые» технологии.

Традиционные полимеры или их композиции прекрасно справляются со всеми вышеперечисленными задачами, а также со многими другими, не вошедшими в этот краткий перечень. А если вспомнить о стремительно развивающихся возможностях нанотехнологий и нанокomпозиционных полимерных материалов.

Если же посмотреть на современные биополимеры, точнее, на ту их часть, которая производится методами биосинтеза (даже вне зависимости от свойства биоразлагаемости), то вполне очевидно, что эти продукты новых горизонтов в области потребительских свойств пластмасс пока не открывают. Этот факт их никак не дискредитирует, но, тем не менее, фактом остается, - биополимеры не лучше традиционных полимеров.

Как известно, традиционные полимеры в большинстве своем производятся из углеводородного сырья, главным образом, из

нефти. Поэтому одной из важнейших причин, использующихся при обосновании целесообразности перехода на биополимеры, является тезис об ограниченности нефтяных запасов.

Согласимся с тем неоспоримым фактом, что запасы минеральных ресурсов являются ограниченными (правда, с поправкой на время и уровень развития цивилизации). По-прежнему львиная доля (около 90%) добываемой нефти используется в топливном направлении.

Нельзя не видеть, что человечество понимает всю глубину и правильность суждения об ином предназначении нефти, нежели топливное.

Альтернативой обычным, синтетическим полимерам являются биополимеры – материалы, которые при выдержке в биологически активной среде претерпевают значительные изменения в молекулярной массе и механических свойствах или дают питательные вещества, обеспечивающие рост микроорганизмов. В таких средах идут процессы гидролиза и фотохимического разрушения биополимеров. В конечном итоге биополимеры разлагаются на компоненты, участвующие в природном цикле – воду, углекислый газ, биомассу и другие. Они могут быть получены как из возобновляемых природных ресурсов – кукурузы, картофеля, маиса и др., так и из традиционного сырья – продуктов нефтехимии. Способность полимера к биоразложению определяется не источником сырья, а его химической структурой.

Полимерные материалы (ПМ) теснят бумагу, металл, картон, стекло. Одновременно растут и объемы производства изделий из ПМ (в первую очередь – упаковочных изделий), попадающих, как правило, после их использования на свалки. Как известно, сроки разложения традиционных ПМ составляют десятки и сотни лет, а площади под свалками ограничены. Поэтому проблема полимерного «мусора» становится все более актуальной.

Развитие биополимеров в Казахстане может быть связано с различными отраслями промышленности, такими как упаковка, медицина, сельское хозяйство и т.д. Можно привести некоторые предложения для развития биополимеров в Казахстане:

– проведение научных исследований в области биополимеров и их применений в разных отраслях промышленности. Для этого необходимо увеличить финансирование научных исследований в этой области.

– развитие производства биополимеров в Казахстане, что позволит сократить зависимость от импортных материалов и создаст новые рабочие места.

– привлечение инвестиций для развития биополимерной промышленности в Казахстане. Для этого необходимо создать условия для привлечения инвесторов, такие как улучшение бизнес-климата и снижение налогов.

– создание централизованной системы утилизации биополимеров для снижения их негативного воздействия на окружающую среду. Для этого можно разработать специальные технологии и инфраструктуру для утилизации биополимеров.

– продвижение биополимеров в качестве более экологически чистой альтернативы традиционным пластиковым материалам. Для этого необходимо проводить информационную кампанию среди населения и бизнеса, чтобы они осознали преимущества биополимеров.

Из этого следует, что биополимеры являются перспективным направлением в промышленности, так как они могут помочь уменьшить негативное воздействие на окружающую среду и снизить количество отходов. Биополимеры также обладают рядом преимуществ по сравнению с традиционными полимерами на нефтяной основе, такие как биоразлагаемость, биосовместимость и биоактивность.

Несмотря на то, что биополимеры имеют некоторые ограничения и требуют дополнительных исследований, их использование уже находится в стадии активного развития в различных отраслях промышленности. Это свидетельствует о том, что биополимеры представляют собой перспективное направление для экологически ответственных компаний, которые стремятся создавать более устойчивые и экологически чистые продукты.

Несмотря на то, что в настоящее время доля биоразлагаемых пластиков на рынке чрезвычайно мала, потенциал этого рынка огромен. Дальнейшее ужесточение экологических требований может помочь биоразлагаемым пластмассам успешно конкурировать с обычными пластмассами, заменяя их. В настоящее время самая «массовая» сфера применения биоразлагаемых пластиков – тара и упаковка для пищевых продуктов. Однако уже известны примеры применения биопластиков в отраслях IT технологий, автомобилестроения, игрушек и так далее. Кроме того, вся Европа

использует биоразлагаемые мешки для биологических отходов, многие страны применяют и биоразлагаемую мульчу (с/х пленка).

Потребление биополимеров в мире на данный момент не так велико, как потребление традиционных нефтепродуктовых полимеров. Однако, интерес к биополимерам и их использование постоянно растут в связи с увеличением осознания населением проблемы загрязнения окружающей среды и необходимости использования более экологически чистых материалов.

По данным исследования, проведенного Grand View Research, рынок биополимеров в 2020 году составил примерно 7,5 миллиарда долларов США и ожидается, что к 2028 году рынок вырастет до 22,5 миллиарда долларов США. Это связано с увеличением спроса на биоразлагаемые материалы и более экологически чистые решения в различных отраслях, включая упаковку, текстиль, медицину и другие.

Несмотря на то, что потребление биополимеров на данный момент невелико по сравнению с традиционными полимерами, ожидается, что рост потребления будет продолжаться, так как биополимеры могут предложить более устойчивые и экологически чистые альтернативы.

По данным Международной Ассоциации Пластмасс (PlasticsEurope), общий объем производства полимеров в мире составил около 368 миллионов тонн в 2019 году, из которых более 62% были произведены в Азии. По данным этой же организации, в 2019 году на долю Европы и Северной Америки приходилось около 18% и 19% соответственно.

При этом, большая часть полимеров производится из нефти и газа, что может приводить к негативному влиянию на окружающую среду. Поэтому на сегодняшний день существует большой интерес к развитию более экологически чистых альтернативных материалов, таких как биополимеры или полимеры на основе возобновляемых источников энергии.

Бурное развитие биотехнологии, происходящее в последние годы, привело к появлению возможности использования в нефтяной промышленности биополимеров, которые являются полисахаридами как растительного, так и микробного происхождения. Практическая ценность биополимеров определяется, прежде всего, их способностью в малых концентрациях резко менять реологические свойства водных систем – повышать вязкость, образовывать гели, служить стабилизаторами суспензий и эмульсии. Эти свойства привлекли

внимание нефтедобытчиков. Кроме того, к преимуществам биополимеров по сравнению с другими реагентами можно отнести их безопасность как для человека, так и для окружающей среды.

Как известно, сроки разложения традиционных ПМ составляют десятки и сотни лет, а площади под свалками ограничены. Поэтому проблема полимерного «мусора» становится все более актуальной. В ряде стран (Тайвань, Германия, Ирландия, Южная Африка) уже вводятся запрещения или ограничения на употребление пластиковых пакетов.

Кроме того, использование биополимеров может способствовать развитию сельского хозяйства и содействовать устойчивому развитию регионов, где они производятся. Например, для производства биополимеров можно использовать сельскохозяйственные отходы, такие как солома, кукурузные и рисовые остатки, что позволит использовать их вторично и снизить негативное воздействие на окружающую среду.

Кроме того, использование биополимеров может привести к созданию новых рабочих мест в сельском хозяйстве и других смежных отраслях промышленности, что является важным фактором для экономического развития регионов.

Таким образом, использование биополимеров может иметь положительный экологический, социальный и экономический эффекты, и в будущем, они могут стать одним из основных материалов в промышленности.

Доводы «за» и «против» биоразлагаемых ПМ с глобальной точки зрения зависят от того, как будут расставлены приоритеты в области сокращения твердых бытовых отходов, реальной ограниченности запасов нефти и газа, рационального использования посевных площадей, экологии и прибыльности бизнеса. Однако не вызывает сомнений, что производство биополимеров (в первую очередь получаемых из возобновляемых ресурсов) и их ассортимент будут расширяться, а цена и характеристики – приближаться к уровню традиционных ПМ. Сегодня, наверное, нет смысла предрешать вопрос, какие классы биополимеров будут в будущем более перспективными. Каждый из них имеет плюсы и минусы и может найти применение в «своих» нишах рынка.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Биополимеры и их применение / Ю.Ф. Московкин, В.Н. Сидорова, М.Е. Ковалева. // Научные ведомости Белгородского

государственного университета. Серия: Естественные науки. 2012. Т.16. № 2(137). С. 112-117.

2 Использование биополимеров в биотехнологии / И.В. Волкова, С.А. Бройченко, М.В. Савинская, и др. // Молодой ученый. 2016. № 6 (104). С. 256-259.

3 Биополимеры: современные тенденции и перспективы развития / О.В. Свиридова, М.В. Клочко, Е.С. Маматова, и др. // Экологическая безопасность и природопользование. 2016. № 1. С. 45-51.

4 Биополимеры и биопластмассы: свойства, применение, перспективы / Н.Е. Наумова, И.В. Хамитова, С.А. Стефанов, и др. // Текстильная наука и текстильное производство. 2018. Т. 6. № 1. С. 84-91.

5 Биополимеры и их применение в пищевой промышленности / Л.А. Дмитриева, И.И. Борисова, О.В. Зенкевич, и др. // Вестник Московского университета Пищевых производств. 2016. Т.1. № 1(27). С. 86-91.

6 Cadmus M.C., Rogovin S.P., Burton K.A., et al. Colonial variation in *Xanthomonas campestris* NRRL – 1459 and characterization of the polysaccharide from variant strain // Can. J. Microbiol. – 22. – P. 126–130

7 Al-Salem, S.M., Antelava, A., Constantinou, A., Manos, G., Dutta, N.K. (2017). Progress and challenges in producing bio-based monomers, polymers, and plastics. ACS Sustainable Chemistry & Engineering, 5(1), 17-29.

8 Bhardwaj, H., Mohanty, A.K., & Misra, M. (2019). Bio-based polymers: Opportunities and challenges in the development of high-performance materials. Royal Society Open Science, 6(8), 191142.

9 Lee, S.Y., Kim, B., & Park, S.J. (2016). Biodegradable and bio-based plastics: Current status and future perspectives. In: Green Chemistry for Sustainable Biofuel Production (pp. 377-390). Springer.

10 PlasticsEurope (2020). Plastics - the Facts 2020: An analysis of European plastics production, demand and waste data. Brussels, Belgium.

5 секция. Химия и химические технологии  
5 секция. Химия және химиялық технологиялар

**АДАМЗАТТЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ:  
ТАБИҒИ АПАТТАР ЖӘНЕ ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ**

АБЫЛАЙ А., АНУАРХАН Б.  
оқушылар, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.  
КУЛЬМАҒАНБЕТОВА Р. А.  
тарих пәнінің мұғалімі, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Адамзаттың дамуы тұрғысынан алғанда, біз өмір сүріп отырған заман осы кезге дейінгі интеллектуалдық, ғылыми және техникалық тәжірибе жинақтаудың ең биік шыңы екендігі еш күмән тудырмады. Біз қордаланып қалған, шешімін таппаған көптеген жаһандық мәселелердің ортасында өмір сүріп келеміз. Адамзат ғаламдық деңгейдегі әртүрлі күрделі сын-қатерлермен бетпе-бет келіп қана қоймай, алдағы 20-30 жыл ішінде соларды шешудің оңтайлы жолдарын іздеп табуға мәжбүр. Ғаламдық сипаттағы сын-қатерлерді қарастырғанда мәселенің ғылыми-техникалық астарларымен қатар, философиялық, діни және рухани негіздерін де ұмыт қалдырмаған жөн. Тіпті, сол мәселелердің туындауының негізгі себебі адамның өзіне келіп саятынын, оның мінез-құлқына, тәлім-тәрбиесіне, жауапкершілігіне тікелей байланысты екендігін де ашық айту қажет.

Адамзат өз даму жолының қорытындысын жасап, өз өткеніне әділ баға беріп, дамудың жаңа сапалы кезеңіне аяқ басқалы тұр. Осы орайда, ғылыми ой мен діни сенім, адам ақылы мен жасанды ақыл, үшінші технологиялық төңкеріс пен адамның экологиялық жауапкершілігі, нарықтық прагматизм мен жаңа үлгідегі «жасыл» экономика, капиталистік индивидуализм мен жалпы адами құндылықтар арасындағы текетірес пен қайшылықтар адамзатты тағы бір қасіретті де қараңғы дәуірге жетелеп, адастырып, нәтижесінде тағы да сан соқтырып кетпесіне кім кепіл? Ғылым мен технология қарыштап дамыған XX-XXI ғасырларда тарихта бұрын-соңды болып көрмеген кісі өлімінің тіркелуі, дүниежүзілік соғыстар мен қарулы қақтығыстардың, құқықтық заң бұзушылықтар мен экологиялық қылмыстардың, геноцид пен қуғын-сүргіндердің, атомдық жарылыстар мен техногендік апаттардың орын алуы, өндірістік қалдықтардың табиғатты, жерді, суды, ауаны ластауы

сынды оқиғалар адамзаттың психологиясында, санасы мен тіршілігінде жағымсыз әсерлер қалдырғаны рас. [1, 2146]



Сурет 1 – Ғаламдық проблемалардың географиялық аспектілері адамзаттың дамуындағы проблемаларын топтастыру

Ғаламдық мәселелер деп – бүкіл әлемді, барлық адамзатты қамтитын, адамзаттың бүгінгі мен ертеңіне қауіп төндіретін және шешілуі үшін барлық елдер мен халықтардың бірлескен әрекеттерін талап ететін мәселерді айтады В. П. Максаковский.

Әлемнің жаһандық мәселелерін түрлері бойынша: Саяси сипаттағы жаһандық мәселелер, Әлеуметтік сипаттағы жаһандық мәселелер, Табиғи-экономикалық сипаттағы жаһандық мәселелер деп бөліп топтастырамыз.

Адамзаттың жаһандық мәселелері – көптеген елдерді қамтитын, жер атмосферасын, әлемдік мұхиттарды және жерге жақын ғарыш кеңістігін қамтитын және бүкіл жер тұрғындарына әсер ететін мәселелер мен жағдайлар. Адамзаттың жаһандық проблемалары бір ғана елдің күшімен шешілмейді, қоршаған ортаны қорғау туралы бірлесіп әзірленген ережелер, келісілген экономикалық саясат, артта қалған елдерге көмек және т.б. қажет. Бір топ зерттеушілер жіктеудің көптеген нұсқаларын ұсынды. Мұнда И. Т. Фролов пен В.В.Загладин ұсынған жіктеу нұсқасын қарастырамыз. Осы нұсқаға сәйкес барлық жаһандық мәселелер үш үлкен топқа бөлінеді. [2, 283 б.].

Бірінші топ ең үлкен жалпылығымен және өзектілігімен сипатталатын мәселелер. Олар әртүрлі мемлекеттердің, сондай-ақ ірі әлеуметтік қауымдастықтың (әлеуметтік-экономикалық жүйелер, халықаралық саяси одақтар және оларға мүше елдер) арасындағы қарым-қатынастардан туындайды. Мұндай проблемалар «халықаралық» деп аталады: қоғам өмірінен соғысты жою және әділетті бейбітшілікті қамтамасыз ету; жаңа халықаралық саяси/экономикалық тәртіпті орнату. Бұл жерде экологиялық проблемалар, сондай-ақ көптеген басқа мәселелер өткір болып тұр. Артта қалған және орта дамыған елдер әлемнің басым көпшілігін құрайды – алтыдан бес миллиардқа жуық. Қазіргі дамудың жалпы тенденциясы, өкінішке орай, «алты миллиард» пен адамзаттың қалған бөлігі арасындағы алшақтық қысқармайды, керісінше артып келеді.



Сурет 2 – Әлемнің жаһандық мәселелерін түрлері бойынша топтастыру

(Бейбітшілікті сақтау мәселесі, Азық-түлік мәселесі, Экологиялық мәселелер, Адамзаттың ғаламдық проблемалары, Энергия және шикізат мәселесі, Демографиялық мәселелер)

Дүниежүзілік мұхитты игеру мәселесі  
Бейбітшілікті сақтау мәселесі  
Жаңа дүниежүзілік соғысты болдырмау мәселесі;  
Жаппай қарулану және әскери шығындар;  
Халықаралық лаңкестік;

Екінші топ қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттесуінің нәтижесінде туындайтын мәселелер. Олар қоршаған ортаның антропогендік жүктемелерге төтеп беру мүмкіндіктерінің шектеулі болуымен байланысты. Бұл энергия, отын, шикізат, тұщы су және т.б. осы топқа экологиялық проблема, яғни табиғатты теріс



сипаттағы қайтымсыз өзгерістерден қорғау проблемасы, сондай-ақ әлемдік мұхит пен Ғарыш кеңістігін ұтымды игеру міндеті жатады.

Бұл, біріншіден, экологиялық проблемалар; екіншіден, қоғамның табиғатты игеруіне байланысты проблемалар, яғни шикізат және энергетика ресурстарының проблемалары; үшіншіден, салыстырмалы түрде жаңа жаһандық объектілерге – ғарыш кеңістігі мен Әлемдік мұхитқа байланысты проблемалар [3, 48 б.].



Сурет 3 – Энергия және шикізат мәселесі


Энергетикалық мәселе: энергетикалық ресурстар өндірісінің монополиялануы, тұтыну салаларының қарқынды дамуы энергетикалық шикізаттың тапшылығына және олардың бағасының күрт артуына себепші болды. Мұнай, газ, көмір, торф ағаш ресурстарының шектеулі болуы қалпына келетін немесе сарқылмайтын балама ресурс түрлерін пайдалануды жеделдетті.

Шикізат қорының шектеулігі – адамзаттың шикізатты пайдалану ауқымы мен деңгейі қоғамның әлеуметтік – экономикалық қажеттіліктерімен анықталады. Шикізат түрлеріне сұраныс жылдан – жылға Жер шарында халық санының өсуіне, өндірістің қарқынды дамуына байланысты арта түсті.



Сурет 4 – Экологиялық мәселелер

Ғаламдық әсер ету дәрежесі мен сипатына қарай екінші кезекке қоюға болады. Өйткені адамзат тіршілігінің болу – болмауының өзі экологиялық мәселелерді шешу мен оның алдын алуға тікелей қатысты болып отыр. Жаһандық проблемалардың үшінші тобы – «адам-қоғам» жүйесімен байланысты мәселелер – жер бетіндегі адам өмірінің сапасымен байланысты. Демографиялық мәселе, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдени өртүрлілікті сақтау мәселелері. Олар жеке адамға тікелей қатысты және қоғамның тұлғаның дамуы үшін нақты мүмкіндіктер беру қабілетіне байланысты. Бұған денсаулық сақтау және білім беру мәселелері, сондай-ақ халықтың санын бақылау мәселелері жатады. Проблемалардың бұл тобы адамға, оның жеке өміріне тікелей байланысты. Бұл «адами қасиеттердің» проблемалары – адамның моральдық, зияткерлік және басқа да бейімділіктерін дамыту, салауатты өмір салтын, қалыпты психикалық дамуды қамтамасыз ету. Бұл проблемаларға 70-ші жылдардың екінші жартысынан бастап ерекше назар аударылған, глобалистикаға тән белгі болды [4, 35 б].



Сурет 5 – Демографиялық мәселелер

Жер шарында адам санының өсуі шикізатты пайдалану мөлшерінің артуына, қоршаған табиғи ортаның жай күйіне елеулі түрде ықпал етеді. Жер шарында 2022 жылдың 15 қарашасында әлемдегі адам саны 8 миллиардқа жетіп, адамзат дамуының маңызды кезеңі басталды. Халық саны өсуінің қазіргі қарқыны сақталса, дүниежүзі халқының саны 49 жылдан кейін екі есеге ұлғаяды.

Халық санының өсуі:

- өңделетін жер көлемінің азаюына;
- азық – түлік тапшылығына;
- қоршаған ортаның жай – күйінің өзгеруіне әкеліп соғады.

Азық-түлік мәселесі

1 Ғалымдар дүниежүзі елдерін азық-түлікпен қамтамасыз етілу деңгейі бойынша бірнеше топқа бөледі:

2 Азық-түлік өнімдерін экспортқа шығаратын елдер (АҚШ, Канада, Венгрия т.б.);

3 Азық-түлік жетіспейтін, бірақ оны сырттан сатып алу мүмкіндігі бар елдер (Жапония);

4 Азық-түлік өндірісі жергілікті сұранысты әрең қамтамасыз ететін елдер (Қытай, Үндістан);

5 Азық-түлік жетіспейтін, бірақ өзін-өзі қамтамасыз ету үшін су және жер ресурстарын игеріп жатқан елдер (Египет, Пәкістан);

6 Жан басына шаққанда азық-түлікпен қамтамасыз етілуі төмен елдер (Африканың Сахарадан оңтүстікке қарай орналасқан дамушы елдері).

Халық санының артуы аумақтың ресурстық мүмкіндігінен жоғары болуы себепті азық-түлік дағдарысы басталған елдер (Гаити, Непал)

Жаһандық мәселелердің туындауы Адамзаттың жаһандық проблемаларының себептері жоқ жерден шықпайды. Сіздердің назарларыңызға қазіргі заманның өзекті мәселелерін қалыптастыратын факторлардың тізімін ұсынамыз:

Әлемнің жаһандануы – мемлекеттердің экономикасы мен өзара қарым-қатынасы жаңа деңгейге шықты. Енді әлемдік аренаның әр мүшесі көршілестерінің әл-ауқатының дамуына жауапкершілік алып отырады. Ең кең қызмет саласы – «әлемді жаулап алушылар», қазіргі қоғам өзін осылай сезінеді. Бүгінде адамның аяғы баспаған жерлер жоқ.

Дүниежүзілік мұхитты игеру мәселесі. Мұхит сулары атмосфераны оттегімен байытады, адамдарды құнарлы да пайдалы азық-түлікпен қамтамасыз етеді. Ғылым мен техника жетістіктері мұхит суынан тек мұнай мен газ ғана емес, темір-марганец конкрецияларын, сутегі изотобы дейтерийді айырып алу, орасан зор толысу энергиясын алатын электр стансылаарын салу, теңіз суын тұщыландыру істерінде жаңа болашақ ашуда. Ресурстарды иррационалды тұтыну – планетаның қауіпсіздігі шексіз емес. Жер қыртысын зерттеу энергетика саласының (газ, мұнай және көмір) 170 жылдан кейін құлдырайтынын көрсетеді [5, 372 б.].

Қорытындылай келе, әр дәуірде де жалпы адамзатқа тән ғаламдық мәселелер болған. Бірақ, XXI ғасырдағы адамзаттың күрделі жаһандық мәселелері қордаланып, шешімін таппай келеді.

Жаһандық мәселелерге техногендік, яғни адамның ұқыпсыздығы мен үнемсіздігінің нәтижесінде пайда болған сын-қатерлерді және жер бетіндегі адам санының өсуі сияқты жаңадан туындаған табиғи сипаттағы өзгерістерді жатқызуға болады. Мысалы, жер шары қызуының артуы, ауа райының мың құбылып, тұрақсыздануы, Солтүстіктегі айсбергтердің еруі, Арал теңізінің сарқылуы, өзендердің тартылуы, озон қабатының желінуі, топырақтың көшуі, теңіз суларының булануы, жер сілкінісі мен дауыл сияқты табиғи апаттардың жиілеуі, т.б. Бұл мәселелер күллі адамзатқа ортақ болғандықтан, «жаһандық сын-қатерлер» (global issues or global challenges) бүгінгі таңның өзекті мәселесі болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Нысанбаев А. Казахстан в условиях глобализации. – Алматы, 2006. – 214 б.

2 Вебер А.Б. Глобализация и устойчивое развитие: проблемное поле // Дилеммы глобализации. Социумы и цивилизации: иллюзии и риски. - М.: Вариант, 2002 – 283-298 б.

3 Т.П. Лебедева. Глобализация и проблемы национальной идентичности // Полис. - 2003. - № 2. - 48-57 б.

4 41. Н.Е. Покровский. Глобализация. Модернизация. Россия // Полис. – 2003. - № 2. - 35- 43 б.

5 Ульрих Бек. Что такое глобализация? – М.: Прогресс-Традиция, 2001. – 372 б.

#### ЖАҒАҢДАҢ ДӘУІРІНДЕГІ БАЛАМАЛЫ ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ ЖОЛДАРЫ

АЙТКЕН Қ.

оқушы, №18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

КУЛЬМАГАНБЕТОВА Р. А.

тарих пәнінің мұғалімі, №18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Жаңартылатын энергия көздерін дамыту үшін энергияның жаңа моделін құру, электр энергиясын өндірудің технологиялық базасын өртаптаңдыру, энергия тапшылығын азайту және жаһандық экологиялық мәселелерді шешу қажет екені анық. Жаңартылатын энергия көздеріне деген сұраныс үнемі өсіп келеді. 2050 жылға қарай олардың әлемдегі энергетикалық баланс үлесі 35%-ға дейін артады деп болжануда. Бүгінде барлық дамыған елдерде баламалы

энергетикаға қатысты бағдарламалар жасалып, жүзеге асырылуда екені анық. Қазіргі заманды электр энергиясынсыз мүлдем елестету мүмкін емес. Сол себепті де, электр энергияны алудың шығыны аз, экологиялық таза көздерін табу бүгінгі күннің негізгі мәселесіне айналып отыр. Жер бетіндегі энергия ресурстарының шектеулілігі күн энергетикасын дамытуды қажет етеді. Күн энергиясы қоршаған ортаға қауіпсіз, экологиялық таза және оны алу жолдары қиын емес. Күн энергиясын күнделікті тұрмыста кеңінен пайдалану – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Әсіресе, бұл мәселенің түбегейлі шешілуі қазіргі уақытта дүние жүзінде мұнай мен газ секілді отынның күннен-күнге қымбаттауынан туындап отырған негізгі проблемалардың толықтай шешімін табарына өз септігін тигізери сөзсіз. [1, 23 б.].

Яғни, біз күн сайын, күні бойы энергияны қолданып, онсыз өмірімізді көрмейміз. Бірақ, соған қарамастан, адамдардың үлкен бөлігі, өкінішке орай, энергияның біздің өміріміздегі рөліне аса мән бермей, маңызын түсінбейді және энергияны жай ғана қалыпты зат деп санайды. Бірақ энергияның қалай, қандай жолмен алынатыны туралы ойланбайды. Энергия - электр энергиясын өндіру үшін жағылатын көмірден және басқа да табиғи ресурстардан алынады. Суық күндері бір бөлмені жылыту үшін әдетте 10 шелек көмір қажет. Ал барлық үйлерді жылыту үшін отынның мөлшері қаншалықты көп болу керектігін тіпті елестету де қиын.



Сурет 1 – Баламалы энергияны алу жолдары

Адамдардың жауапкершіліксіздігі мен немқұрайлылығының салдарынан пайда болған ірі әлемдік проблема - энергия ресурстарының тапшылығы. Осы проблема бұрыннан бері бар, бірақ жыл сайын оның масштабтары үлкейіп, жағдай одан сайын нашарлап

жатыр. Ондаған жылдарға созылған ресурстарды өте ысырапсыз пайдалану нәтижесінде бүгінгі күнге дейін олар қалмады.

Адамзаттың энергетикалық проблемасының жаһандануы өткен ғасырдың 70-жылдарында, арзан мұнай дәуірі аяқталған кезде басталды. XX ғасырдың 60-80 жылдары ғана көмір өндірудің әлемдік көлемі 40%, мұнай 75%, табиғи газ 80% құрады. Сол кезде проблеманы шешу үшін отынның қолданылуын азайту жоспарланды. Бірақ жүзеге асырылмай, керісінше, көмір, мұнай, газдың қолданылу көлемі бірнеше есе артты [2, 227 б.].

Энергетикалық ресурстардың жетіспеушілігі проблемасы көптеген жылдар бойы әлемде орын алып, әлі күнге дейін шешілмеген болып қалды. Адамдар жер қойнауынан ресурстарды өндіруді жалғастыруда. Мұнай, табиғи газ және көмір сияқты қалпына келмейтін табиғи энергетикалық ресурстардың қазіргі кезде қорлары қауіпті деңгейге дейін азайды. Сондықтан мәселе сыни деңгейге жетпегенше, біз оны шешіп, әлемді кризистан құтқару керекпіз.



Сурет 2 – Екібастұз ГРЭС-2 – Екібастұз қаласындағы электр станциясы

Қуат жетіспеушілігі мәселесін шешудің бір амалы – қуатты үнемдеу. Қуатты үнемдеуге бағытталған шаралар Қазақстандағы нағыз балама қуат көздері болып табылады. Энергия мен қорларды үнемдейтін технологияларды дамыту барған сайын өзекті мәселеге айналып барады.

Күн – энергияның аса қуатты көзі, оның энергиясы электромагниттік толқындар спектрінің барлық бөлігінде – рентген және ультракүлгін сәулелерден бастап радиотолқындарға шейін ұдайы сәуле шығарып, таратып тұрады. Бұл сәулелер Күн жүйесіндегі барлық денелерге күшті әсер етеді: оларды қыздырады, планеталардың атмосферасына әсер етеді, жердегі тіршілікке қажетті жарық пен жылу береді. Әр елдің ғалымдары осы қосымша энергия түріне ерекше мән беріп, оны дамыту жолдарын

карастырумен айналысуда. Осыған орай Күн энергиясын электр энергиясына айналдыратын құрылғыларды пайдалану деңгейі жылдан-жылға өсіп келеді.

Проблеманы шешу үшін біз не істей аламыз?

Біріншіден, проблеманы әлемдік деңгейде шешуге ұмтылмас бұрын, әр адам өзінен бастау керек. Әркім жай ғана энергияны үнемдеп, жарықты қолданбағанда сөндіріп, зарядтағыштарды электр ұясынан шығарып жүрсе, ол елеусіз нәрсе болып көрінгенімен, бірақ энергияны үнемдеуге үлкен үлес тигізеді.

Ойлап көріңіздерші, жер бетінде 8 миллиард адам өмір сүреді. Әркім энергияның қолдану мөлшерін небәрі 1,5 есе азайтса, отын мен энергия ресурстарының қаншалықты үлкен мөлшері үнемделеді [3, 54 б.].

Сонымен қатар, энергияны үнемдеу мақсатында көптеген инновациялық құрылғылар ойлап табылды. Мысалы, өнеркәсіптік және коммуналдық жабдықтарды өзгертіліп, ондағы энергия тұтыну азайтылды, электр үнемдегіш көліктер ойлап шығарылды. Осындай басқа да өнертабыстар шығарылып, кеңінен қолданыла бастаса, энергия тұтынуы бірнеше есе азайтуға болады. Сондықтан, осындай жаңа құрылғыларға назар аударып, дамуы мен таралуын қамтамасыз ету керек.

Яғни, әрбір адам энергия үнемдеудің маңыздылығы мен қажеттілігін түсінсе, энергияны қолдануға немқұрайлы қарамай, оны үнемдесе, проблеманың масштабтары кемиді.

Екіншіден, энергияны үнемдеуге үлкен үлес қоса алатын тағы бір зат - баламалы энергия көздері. Баламалы энергия көздері дегеніміз - қоршаған ортаға зиянын тигізбейтін, табиғи таза энергия өндіру көздері. Ондай энергия көздері экологияға еш зиянын тигізбейді, мұнай, көмір, газ тәрізді пайдалы қазбаларды игерудің қажеттілігі тумайды. Баламалы энергия көздерін қолдану әлі қатты таралмаған, бірақ мұқият зерттеліп, артықшылықтары мен кемшіліктері талқыланып жатыр. Болашақта көптеген елдер толықтай баламалы энергия көздеріне көшуді жоспарлауда.

Баламалы энергия көздері деген не?

Баламалы энергия көздері табиғи энергия көздерінен алынады. Мысалы гидроэнергетика, жел энергиясы, күн энергиясы, геотермалдық энергия, биомасса және толқындар энергиясы. Ол алынатын энергия көзінің қалыпқа келе алатындығында немесе белгілі бір шектеулі ресурсқа тәуелді емес.

Баламалы энергия көздерінен энергия алу қалай жүзеге асырылады?

Мысалы, ауа қозғалысынан өндірілетін энергия түрін қарастырайық. Алып диірмен құрылыстары салынып, жел энергиясы өндіріледі. Желдің қатты жылдамдығы алып жел турбиналарын қозғалысқа түсіреді де, кейін одан электр энергиясы өндіріледі.

Күннен тікелей алынатын энергия түрі. Күннен келетін сәулелі электр энергиясына айналдырады. Күн батареялары түскен сәулелі электр энергиясына айналдырады. Сонымен қатар күннен келетін сәулелің жылуы да электр энергиясына айналдыруға болады, ол күн жылу энергиясы деп аталады [4, 231 б.].

Міне, энергияны баламалы энергия көздерінен алу жолы өте тиімді әрі экологияға зиян келтірмейді. Энергия алудың дәстүрлі түрінен қарағанда, баламалы түрі ыңғайлы әрі тиімді. Бірақ оның кең таралмай, әлі танымалдыққа ие болмаудың себептері бар. Кез келген затта сияқты, баламалы энергия көздерінен энергия алудың да кемшіліктері бар. Мысалы, электр станциялары көп жерді қажет етеді, белгілі бір ендік пен климатты қажет етеді, бағасы қымбат, пайдалы әсер коэффициенті төмен, т.б. Осы кемшіліктермен жұмыс жасалып, баламалы энергия көздерін қолдану барлығы үшін қолжетімді болса, болашақта энергия алудың осы тәсілі таралып, танылып, кеңінен пайдалану мүмкіндігі пайда болатыны сөзсіз анық.

Энергия үнемдеудің тағы бір жолы – ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығын төмендету.

Осы тәсіл энергия үнемдеуде үлкен көмегін әкелетіні іс жүзінде дәлелденді. Батыстың экономикалық дамыған елдері энергия үнемдеу саласында ең елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Алғашқы 15 жылда олар ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығын 1/3 төмендеті алды, бұл олардың әлемдік энергия тұтынуындағы үлесін 60 пайыздан 48 пайызға дейін төмендетті. Бұл үлкен жетістік.

Қорытындылай келе, адамзаттың энергетикалық проблемасы және оны шешу жолдары бүгінде бүкіл әлемді алаңдатады. Адамдар энергияны күнделікті өмірде әрқашан қолданып, оған үйреніп қалған. Қазіргі кезде біз өмірімізді энергиясыз елестете алмаймыз. Себебі онсыз даму жүзеге асырылмай, өмір сүру қиын. Сондықтан болашақта энергияның тапшылығы проблемасы қоғам мен әлемде орын алмас үшін, оны қазіргі кезден бастап шешу керек. Проблеманы шешуде адамзат алғашқы қадамдар жасап, түрлі құрылғылар құрастырып, жоспар құрды. Дәл солай ары қарай

да жалғастырып, энергияны үнемдеп. болашағымызды ойлайық. Себебі энергия мен ресурстарсыз өмір жоқ.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Энергия көздері» В. С. Лаврус, 2013 ж. 23-31 беттер [1.236]
- 2 “Қазақстан” ұлттық энциклопедиясы. 9-том, Алматы, 2010 жыл; 227-228 беттер. [2.2276]
- 3 «Күннің құрылымы және негізгі сипаттамалары» Жақанбаев А. К. Алматы, 2015ж. 54-58 б. [3,546]
- 4 Энергия және энергиямен жабдықтаудың альтернативті көздері. «Издательство». Мәскеу, 2014 ж. 231-235 бет [4.2316]

#### CLIL ТЕХНОЛОГИЯСЫН ХИМИЯ САБАҚЫНДА ҚОЛДАНУ

БАХЫТЖАНОВА З. А.

магистрант, Қ. Жұбанов атындағы Ақтобе өңірлік университеті, Ақтобе қ.

ТАСТАНОВА Л. К.

х.ғ.к., доцент, Қ. Жұбанов атындағы Ақтобе өңірлік университеті, Ақтобе қ.

Қазіргі қоғамда тұлғаны этносаралық және мәдениетаралық кеңістікте әлеуметтендіру мәселелері басым бағытқа айналса, шет тілін білу, кәсіби білім мен мүмкіндіктерді кеңейту құралдарының бірі ретінде қарастырылуда.

Халықаралық зерттеулер көрсеткендей, үш тілде білім беру бағдарламаларында оқитын студенттер:

- жоғары мотивацияға ие, жұмысқа зейінді және бірнеше тілді үйренудің пайдасын анық көре біледі;
- тек ана тілінде оқытатын топтарға қарағанда барлық жұмыс тілдерінде, барлық пәндер бойынша жақсы оқу нәтижелерін көрсетеді.

Үш тілде білім беру – Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын, үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасын жүзеге асыру жолындағы елеулі қадам екені сөзсіз. Домендік тілді біріктіру немесе Clil технологиясы – «екінші немесе үшінші тіл арқылы пәндерді меңгеру және пәндік салаларды меңгеру арқылы тілдік дағдыларды жетілдіру, яғни бір уақытта пәндік және тілдік мақсаттарға жету». CLIL екі мақсатты көздейді, атап айтқанда пәнді шет тілі арқылы және шет тілін оқытылатын пән арқылы меңгеру. CLIL әдісі қазіргі заманда студенттердің

мәдени құзыреттілігін, лингвистикалық және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді, бұл қазіргі қоғамдағы жұмыс берушілердің ең сұранысқа ие мәселелерінің бірі болып табылады [1, 288 б.].

Химия сабақтарында 8-сыныптарында да пәндік-тілді кіріктіріп оқыту технологиясының элементтері қолданылады. Сабақты жоспарлау мұғалім өз оқушыларының пәндік материалды меңгерудегі мүмкін болатын тілдік қиындықтарын алдын ала болжап, осы қиындықтарды «жоюға» қолдау көрсетуі керек деп болжайды. Сабақ белсенді оқытуға негізделген. Жұмыстың әртүрлі процедуралары мен тәсілдері бүкіл сыныпты процеске қосуға мүмкіндік береді: жеке жұмыс, жұптық жұмыс, топтық жұмыс, практикалық жұмыс, фронтальды сұрау, демонстрация, рефлексия. Оқушылармен жұмыс жасай отырып, мұғалім жазу, оқу, тыңдау, айтылым қабілеттерін дамыту мүмкіндігі бар. Сабақта саралау сонымен қатар барлық оқушылардың мүмкіндіктерін, қабілеттерін және жас ерекшеліктерін ескеретін болады.

Оқу материалын таңдаған кезде оқушылардың жас ерекшеліктеріне және тілдік дайындық деңгейлеріне сәйкес әртүрлі стильдегі түпнұсқа мәтіндерді таңдау қажет. Мәтіндер шағын бөліктерге бөлініп, суреттермен, сызбалармен, карталармен сүйемелденсе, оқушылар тез түсінеді. Жалпы бұл технологияға негізделген тапсырмалар ағылшын тіліндегі мәтін мен мәтіннен кейінгі оқу тапсырмаларынан тұруы керек. Ол тапсырмалар тілдік дағдыларды ғана емес, танымдық дағдыларды да қалыптастырады. Сызбалар мен кестелер бар мәтіндер оқушылардың танымдық қабілеттерін арттарды. Мәтіннен материалды кестеге енгізе отырып, оқушы ақпаратты таңдауды үйренеді және негізгі ақпаратты қосалқы ақпараттан ажырату туралы түсінік қалыптасады. Сондай-ақ сабақ барысында аудио және бейне материалдарды пайдалануға болады. Сабақты жоспарлағанда мұғалім материалдың бір бөлігін аудиомәтін түрінде бере алады, ал оқытудың зерттеу әдістерін қолдана отырып, диалог, әңгімелесу арқылы материалды меңгеруге мүмкіндік туады. Сабақ барысында тыңдауды жазумен байланыстыруға болады, мысалы, кестелерді толтыру, сызбалар сызу, нүктенің орнына сөздерді жазу т.б. Сабақты жоспарлау барысында пән мұғалімі пәндік және тілдік мақсаттарды анықтайды. Тілдік мақсатты анықтауда пән мұғалімі тіл мұғалімінің көмегіне сүйене алады.

Мысалы, «Химиялық қосылыстар» тақырыбы бойынша жер қыртысында кездесетін пайдалы химиялық қосылыстар, бұл қосылыстар кен болып табылатынын түсіндіру арқылы үштілділікті дамытуға болады, оқушылардың жұптық, топтық жұмыстарын дамытуға болады. Тілдік мақсат ретінде химиялық қосылыстарды атағанда арнайы сөздік қорын дұрыс пайдалана отырып, оқушының сөйлеу, жазу қабілетін арттыруға мүмкіндік туады. Сонымен қатар студенттер практикалық жұмыстар арқылы пайдалы қазбалардың құрамын зерттеп, байқалған құбылыстарға сүйене отырып қорытынды жасауға үйренеді. Сабақ барысында белсенді оқыту мен оқуды, проблемалық оқытуды, топтық жұмысты, практикалық жұмыстарды қолдану өте тиімді. Сабақта рок үлгілерін, кілт сөздері бар карточкаларды, презентацияларды, бейнероликтерді пайдалануға болады. Диалог құру үшін үйге тапсырма ретінде «Қазақстанның пайдалы қазбалары» тақырыбына сұхбат дайындаған ыңғайлы.

Сондай-ақ, «Ерітінділер мен еріткіштер» пәнінен сабақты үш тілде өткізу оқушының белсенділігін арттырып, оқу үлгеріміне оң әсер ететіні анық. Ал үштілділікті сыныптан тыс жұмыстарда қолданудың тиімділігі өте жоғары. Себебі, оқушылар диалог құрып, бір-біріне сұрақ қойып, шығармашылықпен жұмыс істеуге бейімделеді [2, 8 б.].

CLIL технологиясының әдістері пән мазмұнын, пән лексикасын және ағылшын тілін сәтті біріктіреді, осылайша білімге деген ынтасын арттырады. шетел тілі. Химия сабақтарында нақты коммуникативтік тапсырмаларды шешу арқылы ағылшын тілін табиғи жолмен меңгереді деп айтуға болады. Оқушыларды ғана емес, мұғалімдерді де дамыту қажеттігін атап өткен жөн. CLIL технологиясын қолдана отырып әзірленген сабақтар мектеп қауымдастығындағы әріптестер мен әртүрлі білім беру ұйымдарындағы әріптестер арасындағы ынтымақтастықты дайындау және дамыту үшін көбірек уақытты қажет етеді.

Content and Language Integrated Learning (CLIL) – химия сияқты тілдік емес пәнді оқыту үшін екінші тілді пайдаланатын оқыту тәсілі. Мақсат – тілдік дағдыларды да, мазмұндық білімді де интеграцияланған және тұтас түрде жетілдіру. Химия сабақтарында CLIL технологиясын қолданудың кейбір мүмкін жолдары:

1 Виртуалды зертханалар: CLIL технологиясы студенттерге химиялық эксперименттерді имитациялайтын виртуалды зертханаларға қол жеткізуге мүмкіндік береді, бұл оларға қымбат

зертханалық жабдықты қажет етпестен виртуалды химиялық реакцияларды қауіпсіз зерттеуге және басқаруға мүмкіндік береді. Бұл олардың химия ұғымдарын түсінуін жақсартып қана қоймайды, сонымен қатар олар үйреніп жатқан тілде құрбыларымен және мұғалімдерімен қарым-қатынас жасау барысында тілдік дағдыларын жақсартады.

2 Мультимедиялық ресурстар: CLIL технологиясын күрделі химия ұғымдарын түсіндіру үшін бейнелер, анимациялар және инфографика сияқты мультимедиялық ресурстарды қамтамасыз ету үшін де пайдалануға болады. Мұндай ресурстарды мақсатты тілде қамтамасыз ету арқылы студенттер тілмен танысады және тілді мағыналы контексте қолдану қиындығына тап болады.

3 Интерактивті тақталар: Интерактивті тақта мұғалімдерге химия ұғымдарын оқытылатын тілде ұсыну және түсіндіру үшін платформаны қамтамасыз етеді, бұл студенттерге контексте қолданылатын тілді көруге және естуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, студенттер интерактивті тақтаны бірлесіп жұмыс істеу және мақсатты тілде мазмұн жасау үшін пайдалана алады, бұл оқушыға бағытталған және интерактивті оқыту тәсілін алға тартады.

4 Онлайн талқылаулар мен форумдар: CLIL технологиясын студенттер өз құрдастарымен және мұғалімдерімен мақсатты тілде әрекеттесе алатын онлайн талқылаулар мен форумдарды жеңілдету үшін де пайдалануға болады. Бұл студенттерге тілді анағұрлым шынайы контекстте қолдануға және химия ұғымдарымен әрекеттесу кезінде тілдік дағдыларын жаттықтыруға платформа береді.

Тұтастай алғанда, CLIL технологиясын химия сабақтарында қолдану мазмұндық білімді де, тілдік дағдыларды да жетілдіретін оқуға тереңірек және жан-жақты көзқарасты қамтамасыз ете алады [3, 58 б.].

Жалпы, пәнді үш тілде оқыту қазіргі таңда үлкен қолдауға ие болуда. Бұл қажеттіліктен пайда болды. Мектеп оқушылары халықаралық олимпиадаларға көп қатысады және бұл олимпиадалар мен ғылыми жобалар ағылшын тілінде қорғауды қажет етеді. Көп жағдайда химияны жақсы меңгерген студенттер ағылшын тілін білмегендіктен мұндай мүмкіндіктерге қол жеткізе алмайды. Осы кедергілерді жою үшін мектептегі пәндерді үш тілге негіздеп өткізу тиімді. Осыған орай елімізде ағылшын тілінде сабақ беретін ұстаздар дайындалуда. Қазақстанның көптеген мектептерінде пәндер ағылшын тілінде оқытылады. Осының барлығына сүйене отырып, химияны үш тілде синхронды түрде оқытудың маңызы зор [4, 125 б.].

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Послание Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан - 2050»: новый политический курс состоявшегося государства»: материалы мероприятий, посвященных обсуждению Послания Главы государства. /Отв. ред. Б. Султанов.- Алматы: КИСИ, 2013. - 228с.

2 Нурақаева Л.Т., Шегенова З.К. Методические рекомендации учителям по использованию метода предметно-интегрированного обучения (CLIL).-Астана. - 2013.-С.8-10

3 Jone Mills & Peter Evans. “Core Chemistry”. Cambridge University Press. 2015. с 58.

4 Боброва Н. Е. Инновационные методы преподавания иностранных языков // Интеграция образования. 2013. № 4. С. 125.

### БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ПРОБЛЕМАЛЫҚ- БАҒДАРЛАНҒАН ОҚЫТУ ӘДІСІН ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

БИСЕМБАЙ Т. С.

магистрант, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

МАХАМБЕТОВ М. Ж.

PhD, қауымд. профессор, Қ. Жұбанов атындағы  
Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Бұл мақалада PBL (Problem-Based Learning) проблемалық-бағдарланған оқытудағы оқытушы мен студенттерге арналған нұсқалардың қолданылуы, кейс-тапсырмаларды құрастыру тәсілдері қарастырылады.

Сондай-ақ шетел университеттері өкілдерінің PBL оқыту әдісіне келтірген сипаттамалары сараланып, аталған әдістің артықшылықтары баса айтылады.

Мұндай оқыту қазіргі қоғамның жылдам өзгеру уақытында студенттерге жаңа білімді меңгертуге, студенттердің сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға, белсенді ойлау дағдыларын қалыптастыруға, ақпаратты өз бетінше іздеуге, логикалық ойлауды дамытуға бағытталған.

Problem-Based Learning (PBL) немесе проблемалық-бағдарланған оқыту тарихы өткен ғасырдан бастау алады. Канада медициналық институтының оқытушылары студенттерге материалды «әдеттен тыс» беріп, көтерілген мәселені шешу және

жобаны аяқтау үшін мәліметтер іздеуде оларға еркіндік берілген. Аталған әдістеме бірте-бірте басқа мамандықтарға таралып, студенттерді оқу процесіне тартудың және теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар топта жұмыс істеу, қарым-қатынас жасау, келіссөздер жүргізу, көшбасшы болу, мәселелерді шешуде шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлай алу сынды маңызды практикалық дағдыларды игерудің табысты әдісі ретінде көрсете алды [1]. Оқытудағы мұндай тәсіл оқытушылардың бұрынғыша білімнің қайнар көзі болып қана қоймай, олардан арнайы дайындықты талап етіп, студенттердің білімді игеруі үшін екі ортада делдал және көмекші қызметін атқаруын қажет ететіндігі бұл әдісті өзге оқыту әдістерінен айрықшалап тұр.

Отандық білім беру жүйесі үшін адамның қоршаған ортаға үйренісіп кету қабілеттерін қалыптастыратын бейімделу тәртібінен әр түрлі мәселелерді көру, түсіну және бағалау, оларды құндылық бағдарларына сәйкес сындарлы түрде шешу қабілеттерін қалыптастыруға баса назар аударылатын кәсіби даму моделіне көшуі білім беру мен студенттерді даярлаудың құзыреттілік принципіне көшуімен байланысты. Бұл ЖОО-ның оқыту үдерісі, бағалау жүйесі, білім беру технологиялары, т.с.с. барлық дайындық процесін жүйелі түрде қайта құруға әкеледі [2].

Алматы қаласында жақында жүргізілген сауалнама нәтижесінде жұмыс берушілердің түлектерге қоятын негізгі талаптары анықталған. Олар төмендегідей:

- кәсіби ой-өріс;
- зерттеу дағдылары, аналитикалық және практикалық әдістер;
- жоғары еңбек қабілеттілігі;
- ұтқырлық және жылдам бейімделу;
- қарым-қатынастың икемділігі;
- аналитикалық ойлау, жауапкершілік, шешім қабылдай алу;
- жадтан ақпараттың едәуір көлемін есте сақтау және алу мүмкіндігі;
- ортамен тіл табысу, тыңдау қабілеті;
- практикалық дағдылар;
- құзыреттіліктің әртүрлілігі

Осыған байланысты студенттер бойында жоғарыда көрсетілген қасиеттерді дамыту үшін проблемалық-бағдарланған оқыту (PBL) ең жақсы тәсілдердің бірі. Өйткені бұл бағыт адамзаттың ілім-ғылымды меңгеруін зерттеу саласындағы когнитивтік ғылымның соңғы жетістіктеріне негізделген педагогикалық тәсіл болып

табылады. Сондай-ақ, PBL көптеген жылдар бойы батыстың медициналық мектептерінде қолданылып келеді. Американдық дәрігер, медицина саласының оқытушысы Ховард Броуз айтқандай, «PBL (Problem-based Learning) – бұл білім беруде нақты өмірлік жағдаяттарды қолдануға негізделген оқыту тәсілі». Қазіргі білім беру кеңістігінде университеттің білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз етудегі PBL міндеті, ең алдымен, мамандарды даярлаудың отандық жүйесінің бакалавриат пен магистратураның екі деңгейлі жүйесіне көшуіне байланысты өте өзекті болып қалмақ. Қазіргі таңда білім беру сапасын арттыру ғана емес, сонымен қатар оны ұсынудың ең жақсы стандарттарын қолдау да осыған байланысты басты назарда болуы тиіс.

Айта кету керек, бұл әдістің танымалдылығы батыста жоғары және ЖОО басым бөлігінде қолданылып келеді. Сондай-ақ PBL (Problem-Based Learning) әдісі студенттің өзіндік жұмысына бағытталған табысты инновациялық оқыту әдісі ретінде қарастырылатындығын баса айтқан жөн. Бұл әдісте оқытудың екпінді оқытушыдан студентке ауысады, өйткені қазір студент практикалық мәселені шешуге тырысып, белсенді рөл атқарады. Бұл әдіс студентке дәрістер кезінде оқытушының айтқанын және оқулықтарда жазылған барлық ақпаратты кеңірек және тереңірек түсінуіне ықпал етеді.

«Проблемалық-бағдарланған оқыту (Problem-Based Learning-PBL)» ұғымының мән-мағынасын ашуға көптеген әрекеттер жасалды. Канададағы МакМастер университетінде PBL әдісін әзірлеу барысында келесідей анықтамалар қолданылды: PBL-дің тұлғаға бағдарлануы, оқу процесін мәселе ауқымына сай ұйымдастыру және оқытушының делдал ретінде әрекет етіп, шағын топтарда жұмыс істеуге бағытталуы. Дегенмен, бұл әдістің нақты сипаттамсы әр университетте әртүрлі қалыптасты. Gijsselaers орталығы PBL әдісін оқытудың теориялық принциптеріне негізделген сатылай білім беру, мета-білім беру, контексттік оқыту ретінде қарастырған [3]. Вустер университетінің зерттеушісі Мэгги Савин-Баден осы оқыту әдісінің негізгі атрибуттарына сүйене отырып, PBL әдісінің аса маңызды элементтерінің 5 түрін атап көрсеткен: білімді меңгеру мен қабылдау, проблеманың болуы, оқытушының, студенттердің және бағалаудың рөлі. Савин-Баден PBL үлгілерін білімге қол жеткізу бағытындағы PBL, кәсіби қызметке арналған PBL, пәнаралық ұғынуға және түсінісуге

